

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**

қолжазба құқығында

**Раимбетов Серик Ерсаймович**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘКІМДЕРІН  
ТІКЕЛЕЙ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша  
«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба  
«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы бойынша

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_ А.Б. Зейнельгабдин, э.ғ.д., профессор

Жоба қорғауға жіберілді: «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2023ж.

Басқару институтының директоры \_\_\_\_\_ З.С. Гаипов, с.ғ.д.

**Астана, 2023**

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....</b>	<b>7</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>43</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>46</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>49</b>

## Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Қазақстан Республикасының Конституциясы» 1995 жылғы 30 тамыздағы Заңы.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2021 жылғы 24 мамырдағы № 41-VII ҚРЗ.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ.

«Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы № 639 Жарлығы.

«Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламенті туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 10 қаулысы.

«Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысы.

## Белгілеулер мен қысқартулар

ҚР	– Қазақстан Республикасы
ОСК	– Орталық сайлау комиссиясы
АҚШ	– Америка құрама штаттары
ЖАО	– Жергілікті атқарушы орган
КСР	– Кеңестік социалистік республикасы
т.б.	– тағы басқа
SWOT	– Күшті, әлсіз жақтарды, ықтимал мүмкіндіктер мен қауіптерді талдау

## Кіріспе

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі. Оның ең басты жетістігі әкімдердің тікелей сайлау арқылы билікке келуі болып табылады.

Әкімдердің тікелей сайлауы белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірлікке халықтың өз таңдауымен, арнайы заң аясында қабылданған үдерістер арқылы демократиялық жолмен билікке келуін көздейді.

Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан бері мемлекеттік басқару жүйесінде түрлі саяси реформалар қабылданды. Уақыт талабына сәйкес түрлі өзгерістер мен толықтырулардан өтті.

Магистрлік жоба шеңберінде аудандық маңызы бар қала, кент және ауылдық округ әкімдерін сайлауға қатысты сайлау заңнамасына өзгерістер енгізу процесіне талдау және зерттеу жүргізілетін болады.

Сонымен қатар Қазақстандағы әкімдердің тікелей сайлау жүйесінің іске асырылу барысы және шет елдердегі сайлау жүйелерінің ерекшеліктеріне талдау жұмыстары жүргізіледі.

**Зерттеудің өзектілігі.** Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту – өңірлерді дамытуға, жергілікті жердегі мәселелерді уақытылы, тиімді шешілуіне зор ықпал етеді. Қазіргі таңда Қазақстанда сайлау жүйесінде ауылдық округ әкімдерінің тікелей сайлауы ең өзекті мәселеге айналуда. Бұған дейінгі өткізіліп келген әкімдердің жанама сайлауы халықтың көңілінен шыға қойған жоқ. Мұндай қажеттілік халықтың мәслихат депутаттарының қызметіне деген сенімінің жеткіліксіз жоғары деңгейіне байланысты туындайды. Бұдан басқа, 2021 жылға дейін ауылдық округтер әкімдерінің жанама сайлауын өткізу халық арасында азаматтық белсенділіктің айтарлықтай артуына алып келген жоқ.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы өткен «Жолдауы» отырысында өзін-өзі басқарудың тиімді жүйесін құру, мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру мақсатында 2021 жылы ауылдық округтер басшыларының сайлауын өткізуді тапсырды [8]. Бұдан былай сайлау заңнамасына қала, ауыл, ауылдық округтерді қоса алғанда, барлық деңгейдегі жергілікті әкімшіліктердің басшыларына дауыс беру мәселелері бойынша өзгерістер мен жетілдірулер енгізілді [5,6]. Жаңа заң сайлау процесін егжей-тегжейлі реттеп, ең көп азаматтар мен еріктілердің қатысуын ынталандырды.

Бұл өзгерістер жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу арқылы мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыруға арналған саяси реформаларды іске асыруды көздейді. Сондай-ақ тұрғындарды ел басқару және шешім қабылдау үдерісіне тартуға жол ашады.

Әкімдер – биліктің әрбір өңірдегі тікелей өкілі. Жұрт олардың қызметіне қарап бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін бағалайды.

Негізінен, жалпы алғанда әкімдерді (облыс, аудан, қала, кент және ауылдық округ) тікелей сайлау Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамыту жолындағы маңызды қадам болып саналады. Сонымен

қоса, халықтың дауысымен сайланған әкімдердің сайлаушылар алдындағы жауапкершілігі артып, олардың қызметінің тиімділігі де нығаюы ықтимал.

**Зерттеудің мақсаты** – әкімдердің тікелей сайлау жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеудің міндеттері:**

1. Қазақстандағы әкімдерді сайлау жүйесінің қалыптасуы мен қазіргі жағдайын анықтау;

2. Әкімдерді тікелей сайлау жүйесінің проблемалары мен перспективаларын айқындау;

3. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіруде шетелдік тәжірибені зерделеу;

4. Әкімдердің сайлау жүйесін жетілдіру бойынша SWOT-талдау жүргізу.

**Зерттеудің объектісі** – Қазақстан Республикасындағы ауыл әкімдерінің сайлау жүйесі.

**Зерттеу пәні** – ауыл әкімдерін сайлау жүйесіндегі туындайтын қоғамдық саяси қатынастар.

**Зерттеудің гипотезасы** – ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі тетіктерін жетілдіру жергілікті өзін-өзі басқаруды жандандыруға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- ауыл әкімдерінің сайлау жүйесін жетілдіру мақсатында, оның ішінде тәжірибе барысында сайлау үдерістеріндегі кемшіліктер мен олқылықтарды анықтай отырып, ұтымды ұсыныстар әзірленді;

- Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың құрылымы мен сайлау механизмін толықтай зерттей отырып, әкімдердің сайлау жүйесінің күшті және әлсіз жақтарын ескере отырып SWOT-талдау жүргізілді.

**Зерттеудің практикалық нәтижелерін апробациялау.** Зерттеу нәтижелері «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуы» тақырыбында «Цифрлық экономика: бизнестің жаңа архитектурасы және құзыреттіліктер трансформациясы» атты Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті экономика факультетінің 50-жылдығына арналған Халықараық ғылыми-тәжірибесі конференциясының материалдар жинағындағы мақалада жарияланды, қазан 2022 ж.

## Әдебиетке шолу

Магистрлік жоба тақырыбын терең зерттеу мақсатында жергілікті өзін-өзі басқарудың теориялық негіздері, жергілікті билік органдарын сайлау және өзін-өзі басқарудың өзекті мәселелері тақырыптары бойынша әдебиеттер талданды.

Ғылыми зерттеу барысында отандық және шетелдік зерттеушілердің, сонымен қатар бірқатар заңнамалық актілер мен бұқаралық ақпарат құралдары дереккөздері пайдаланылды.

Атап айтқанда, зерттеудің теориялық негіздерін қарастыру үшін А.С. Ибраеваның, А.И. Черкасовтың, В.В. Маклаковтың, М.А. Сәрсенбаевтың еңбектеріне шолу жасалған. Бұл ретте, А.С. Ибраеваның көзқарасы бойынша әкімдерді сайлау тәжірибесін кеңінен енгізу биліктің орталықсыздандырылуына оң ықпал ететінін және жергілікті мемлекеттік басқару жүйесінің саяси-экономикалық дамуының тиімділігіне әкелетін болса [1], М.А. Сәрсенбаевтың пікірінше әкімдерді тікелей сайлау мемлекеттің демократиялық құрылымының көрсеткіші болып саналмайтынын және жергілікті мемлекеттік органдардың сайланбалығы ол тек мемлекеттік басқарудың элементарлық құралдары ретінде қолданылатынын алға тартады [2].

Әкімдерді сайлаудың нормативтік-құқықтық негіздеріне талдау бойынша А.А. Абикеновтің, Ж.К. Медиеваның, А.Б. Жұмаділованың, В.А. Калюжныйдың, Е.Б. Ахметовтың және А.Н. Оспанованың еңбектері де қарастырылған. Атап айтқанда, А.А. Абикенов тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімін сайлау перспективасына қатысты халықаралық нормалар мен стандарттар көп жағдайда заң шығарушы органдарды сайлау нормаларын қарастырады, ал атқарушы мемлекеттік биліктің, әсіресе жергілікті атқарушы органдарының басшыларын сайлауға қатысты нормалар қарастырылмағанын алға тартады. Сондай-ақ, әкімдерді сайлаудың қалыптасқан нормативтік-құқықтық базасын талдай келе жергілікті атқарушы билікке сайлау тәртібінің үшдеңгейлі жүйесінде жүргізілетінін қарастырады. Сонымен қатар, А.А. Абикеновтің әкімдерді сайлау маңыздылығы туралы көзқарастары Ж.К. Медиева мен Д.М. Баймаханованың да пікірлерімен толықтырылады [3].

Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару органдарында әкімдерді сайлау жүйесінің тәжірибесі жергілікті мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы ретінде Л.Т. Жанұзақованың, К.А. Адилованың, А.А. Смағұловтың және Ж.У. Тілембаеваның еңбектерінде қарастырылған. Атап айтқанда, Л.Т. Жанұзақова жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастырудың, әкімдердің сайлануы проблемаларын қозғай отырып, Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасына және Президенттің жарлықтарына талдау жасау арқылы сайлау заңнамасын жетілдіру қажеттігін алға тартады [4]. Ал, Ж.У. Тілембаева ауыл әкімдерінің құқықтық мәртебесі мәселелерін қарастыра отырып және Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі тұжырымдамасына ұқсас елдердің сайлау жүйелеріне салыстырмалық талдау жасаған.

Қазақстан Республикасында әкімдердің сайлау жүйесін нормативтік-құқықтық тұрғыдан талдау жасау және сараптамалық баға беру, атап айтқанда әкімдерді сайлау бойынша дауыс беру, қорытындысын шығару, ерекшеліктерін талдау, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың дамуына сайлау институтының құқықтық ықпалын қарастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциялық нормалары, Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамалары және басқа да заңдар мен Мемлекет басшысының Жарлықтары және Орталық сайлау комиссиясының қаулылары пайдаланылды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында әр түрлі деңгейдегі әкімдерді тікелей сайлау жүйесін қолданысқа енгізудің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық тиімділігіне кеңінен талдау жасау мақсатында шетелдік тәжірибені зерделеу үшін Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясы, Польшаның аумақтық өзін-өзі басқару жүйесі, сондай-ақ Италияның, Германияның, Францияның және Испанияның конституциялық заңнамаларына салыстырмалы талдау жасалынды. Жергілікті атқарушы органдардың басшыларын тікелей сайлау және өкілді органдарды құру саласындағы халықаралық тәжірибені зерделеу кезінде Австралия, Польша, Германия және Канада сияқты елдердің тәжірибесі ескерілді.

Бүгінгі күні ауылдық аумақтарды басқарудың тиімді тетіктерін құру көптеген қазақстандықтардың мүдделерін қозғайтыны белгілі. Ауылдық елді мекендерде халықтың шамамен 40%-ы тұрады. Әкім аппараты бар ауылдардың саны 2000-нан астам ауылды құрайды. Осылайша, жергілікті жерлерде мемлекеттік басқаруды одан әрі қалыптастыру ауыл тұрғындарын жергілікті аумақтарды басқаруға кеңейтуге және тартуға бағытталуы тиіс [25]. Сайлау жүйесі сайлаудың құрылымы мен рәсімдерін, сондай-ақ азаматтардың ерік-жігерін білдіру тәсілдерін анықтай отырып, қоғамның саяси өмірінде маңызды рөл атқарады.

Көптеген отандық және шетелдік сарапшылардың еңбектері жергілікті өзін-өзі басқарудың әртүрлі ғылыми-әдістемелік аспектілеріне, бюджетті құруға, жергілікті атқарушы органдардың шешімдер қабылдау мүмкіндіктерін кеңейтуге, дербес бюджетті жүргізуге және өз қаржылық ресурстарын басқаруға арналған. Мемлекеттік қаржыны реформалаудың негізгі және маңызды бағыты төрт деңгейлі бюджет жүйесін қалыптастыру болды, оның ішінде: республикалық бюджет; облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар, астана бюджеттері; аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттері; аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері [18]. Дегенмен, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуды, оның ішінде бюджеттеу тетіктерін, сондай-ақ оның мәртебесін анықтауды тежейтін проблемалық мәселелердің тізбесін қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Көптеген шет елдердің тәжірибесі көрсеткендей, жұмыстың ашықтығы мен жауапкершілігі, азаматтармен бірлескен жұмыс және жергілікті билік органдарының қаржылық тәуелсіздігі жергілікті өзін-өзі басқару тиімділігінің негізгі элементтері болып табылады.



Сонымен қатар, тұрғындардың күнделікті өзекті мәселелерін шешу үшін аудандық деңгейдегі әкімдіктерге жеткілікті өкілеттіктер берілмеген, өз қаржыландыруы жеткіліксіз және орталық басқару органдарына тәуелді [21]. Бұл мәселелерді шешуде озық шетел тәжірибесін қолдану орынды. Мысалы, Данияда муниципалды және аудандық билік органдары жалпы ұлттық өнімнің шамамен 33% құрайды, олар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жауап береді. Сонымен қатар, орталық, аудандық және муниципалдық филиалдар арасындағы өкілеттіктерді бөлуді сипаттайтын заң жоқ. Жергілікті табыс салығы және басқа салықтар муниципалитеттерге белгілі бір шешімдерді дербес қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жергілікті экономикалық шешімдер мен жергілікті билік органдары 100% тәуелсіз [20].

Дамыған елдерде жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйелеріне халықтың әлеуметтік сұраныстарын қанағаттандыру функциялары жүктеледі. Сонымен, Швецияда жергілікті, муниципалды орган ретінде коммуналар және аймақтық деңгейдегі органдар ретінде аудандық кеңестер немесе ландстингтер бар. Олардың қызметіндегі маңызды элемент-салықтарды белгілеу және жинау конституциялық құқығы.

Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаевтың маңызды тапсырмаларының бірі мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыру және жергілікті билік өкілеттіктерін кеңейту болып табылады. Кез келген деңгейдегі мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуінің негізгі шарттары: халық алдындағы есеп беру; нақты белгіленген өкілеттіктер мен функциялардың болуы; тұрақты кіріс көздері бар өз бюджетінің болуы; мүлікке меншік құқығы. Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру саясатының маңызды құрамдас бөлігі бюджеттік орталықсыздандыру болып табылады [26].

Неміс ғалымы Еллинека Г. өзін-өзі басқару-бұл кәсіби мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын адамдар шешім қабылдайтын және мемлекеттік бюрократия арқылы емес, мүдделі тараптар арқылы жүзеге асырылатын басқару нысаны екенін атап өтті [25].

М.Шефер мен С.Йылмаз «Жергілікті өзін-өзі басқарудың бюджетін және есептілігін күшейту» атты зерттеуінде жергілікті билік органдарының бюджеттеу форматтарының анықтығы азаматтық қоғамның жергілікті билік органдарының шығындарын бағалай және бақылай алатындығына айтарлықтай әсер етеді деп есептейді [19]. Осылайша, бюджеттеу тәжірибесін жетілдіру мемлекеттік шығыстардың тиімділігін арттырудың маңызды құралы ретінде қарастырылуы тиіс.

Балинский өз жұмысында орталықсыздандыру мен цифрландырудың өзара әрекеттесуін қарастырды. Атап айтқанда, автор орталықсыздандыру реформасы жағдайында цифрландыру барлық деңгейде және барлық салаларда жүруі керек деген қорытындыға келді. Бұл ретте жедел шешуді талап ететін негізгі мәселелер жергілікті өзін-өзі басқарудың кадрлық дағдарысы және ескі кадрларды жаңа құзыреттерге қайта даярлау қажеттілігі; әкімшілік қызметтерді көрсету жүйесін жетілдіру, сондай-ақ жергілікті және орталық органдар арасында тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін осы үдерістердің көпшілігін

цифрландыру, жергілікті қаржыны жүзеге асыруда қоғамдық бастаманы дамыту; орталықсыздандыру жағдайында цифрландыру процестерін заңнамалық қамтамасыз етудің жетілдірілмегендігі, қолданыстағы заңнамалық базаны кеңейту қажеттілігі; жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жергілікті өзін-өзі басқару органдарының әлеуетін іске асыруға және олардың қызметіне соңғы технологияларды енгізуге қабілетсіздігінен өңірлерді техникалық және қаржылық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі; барлық деңгейдегі даму процестеріне кедергі келтіретін сыбайлас жемқорлық пен жергілікті билік органдарының қарсылығы [17].

Дегенмен де, аталған ғылыми зерттеу мемлекетіміздегі жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің тың тақырыбында жүргізілуіне байланысты, оның ішінде елімізде тек, ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі 2021 жылдан бастап ғана жаппай жүзеге асырылуы себебінен сарапшылар мен ғалымдар тарапынан оның қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық даму тұрғысынан әлі толықтай баға берілмегенін және нақты болжамдық көзқарастар айтылмағанын айта кеткен жөн. Яғни, әкімдерді тікелей сайлау мәселелерін жан-жақты ашып зерттеген отандық және шетелдік ғылыми жұмыстар кемде-кем. Осыған байланысты, аталған зерттеу жұмысын жазуда жан-жақты ғылыми талдау жүргізу мақсатында жоғарыда көрсетілген ғылыми еңбектерден бөлек социологиялық зерттеу құралдарын да пайдалану көзделді. Атап айтқанда, Қызылорда облысы Арал ауданының тікелей сайланған ауылдық округ әкімдерінен, аудандағы бірнеше ауыл әкімдерінен және Арал ауданы тұрғындарынан жүргізілетін сауалнама және сұхбат, сондай-ақ облыстық және аудандық сайлау комиссияларының төрағалары мен сарапшыларынан алынған ауыл әкімдерінің тікелей сайлау қорытындылары туралы ақпараттар зерттеудің әдебиеттер көзін толықтырады.

## **Зерттеу әдістері**

Бұл жұмыс Қазақстан Республикасында әкімдерді тікелей сайлау жүйесін дамытуды жан-жақты және объективті зерттеуді қамтамасыз ететін жалпы әдіснамалық қағидаттарды қолдануға негізделеді.

Зерттеу басырында қолданылған әдістер төменде көрсетілген :

- салыстырмалы талдау әдісі – Қазақстан мен басқа мемлекеттер арасындағы әкімдерді сайлау процессін салыстыруға және бағалауға және Қазақстанға қолдануға болатын озық шетел тәжірибесін зерттеуге мүмкіндік береді;

- проблемалық-хронологиялық әдіс – Қазақстан Республикасында әкімдерін тікелей сайлау жүйесін зерттеу нәтижелері мен қорытындыларын объективті талдауға ықпал етеді;

- тарихи-құқықтық әдіс әкімдерін тікелей сайлау жүйесіндегі заңнамалық-құқықтық актілердің дамуының ерекшеліктерін анықтауда қолданылды;

- социологиялық және сандық әдістер - Арал ауданындағы зерделеу жүргізілген ауылдық округтерден (Қосжар, Аққұм, Құланды, Жіңішкекұм) магистрлік жобаға қажетті сайлау мәселелерін практикалық түрде зерттеу мақсатында сауалама жүргізіліп, нәтижелері зерделенді;

- функционалдық тәсілдің көмегімен әкімдерді тікелей сайлау жүйесі саласындағы қатынастарды реттейтін мемлекеттік атқарушы органдардың қызметіне талдамалық бағалау жүргізілді.

Тақырыпты зерттеу мақсатында тікелей сайлау жүргізілген 4 ауылдық округ тұрғындарынан (*ардагер, зиялы азаматтар, жергілікті қоғамдастық мүшелері, мектеп, балабақша, медицина қызметкерлері және т.б.*) сауалнама және тікелей сайлау арқылы сайланған 4 ауылдық округ әкімінен сұхбат алу мақсаты қойылып, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясынан рұқсат алынды (Қосымша 1). Сонымен қатар, аумақтық сайлау комиссиясынан мәліметтер алынды (Қосымша 2) және Арал ауданы әкімдігінің ресми сайтындағы әлеуметтік-экономикалық төлқұжаттардағы ақпараттар қолданылды [31].

Сауалнама жүргізу арқылы әр ауылдық округтен 95-120 адамды тарта отырып, барлығы 438 адам қатыстырылды. Бұл тұтастай алғанда халықтың тікелей сайлауға көзқарастарын айқындауға мүмкіндік берді.

Сауалнама іріктемесінде жастық, жыныстық, білімі ерекшеліктері бойынша 18 жасқа толған ауыл тұрғындары қамтылған (кесте 1).

Кесте 1 – Респонденттер іріктемесі

	Мақсатты топ	Мақсатты топтың пайыздық көрсеткіші	Мақсатты топтың іріктеме саны
Жыныстық ерекшелігі бойынша		100%	438
	Ер	50,3%	220
1-кестенің жалғасы			
	Әйел	49,7%	218
		100%	438
	18-29	15,6%	68

<b>Жас ерекшелігі бойынша</b>	30-39	30,8%	135
	40-49	29,5%	129
	50-59	14,1%	62
	60+	10%	44
		<b>100%</b>	<b>438</b>
<b>Білімі бойынша</b>	Орта	44,0%	193
	Арнаулы орта	14,2%	62
	Жоғары	41,8%	183
Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған			

Зерделеу барысында тікелей сайланған әкімдердің шешім қабылдаудағы жанама сайланған әкімдерден шешім қабылдауға ерекшеліктерін анықтау тәсілдері мен оңтайлы шешімдері, тікелей сайлау жүйесін дамытудағы қалыс қалған жерлері сараланды.

Әкімдерді тікелей сайлау нәтижесімен ауылдық округтегі қалыптасқан қоғамдық-саяси ахуал мен әлеуметтік-экономикалық жағдайды саралау нәтижесінде ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесін дамыту, жетілдіру бойынша тиісті ұсынымдар әзірленді.

## Талдау нәтижелері

### Жергілікті өзін-өзі басқару және сайлау жүйесін қалыптастыру

## **Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың құрылымы мен әкімдерді сайлау жүйесінің сипаттамасы**

1990-шы жылдардың басындағы жағдай бойынша Қазақстанда кеңестік басқарудың ескі моделі кемшіліктерге толы болды. Сондықтан басқару жүйесіне өзгерістер енгізу мақсатында терең зерделеу жүргізілді. Мәселен, 1990 жылы Қазақ КСР-де Президент лауазымы, 1993 жылы жергілікті әкімшіліктер басшылары мен өкілді орган – мәслихат ұғымдары пайда болды [11].

1995 жылға дейін «жергілікті басқару» ұғымы заңдарда қолданылмаған. Алайда, 1995 жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануымен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үшін алғышарттар жасалды. 2007 жылы тиісті органдар арқылы жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырудағы тұрғын үй мен басқа да жергілікті қауымдастықтардың рөлін көрсететін өзгерістер енгізілді [5]. Осылайша, жергілікті өзін-өзі басқару ұғымы кеңірек контексте дами бастады.

Бауыржан Шериязданов 1990 жылдан бері Қазақстанның ЖӨБ органдарының қалыптасуы мен дамуын 4 кезеңге бөліп қарастырған. Атап айтқанда, бірінші кезеңде (1990-1993 жылдар) - жергілікті кеңестерді реформалау кезеңі. Бұл кезеңде жергілікті кеңестердің рөлін арттыруға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар, ҚР-ның тәуелсіздік алуы, жергілікті әкімдер институтының құрылуы, 2-кезеңде (1993-1995 жылдар) - Қазақстанның алғашқы Конституциясы, «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Заңының қабылдануы туралы, 3-кезеңде (1995-2007 жылдар) - «ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңы қабылданып, мәслихаттар мен әкімдіктер жергілікті мемлекеттік басқару органдары ретінде айқындалғандығы, 4-кезеңде (2007 жылдан кейінгі) - 2007 жылғы «Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару тұжырымдамасы» туралы, сондай-ақ, мәслихаттар мен әкімдіктер жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары ретінде танылып, олардың мемлекет пен қоғам алдындағы мәртебесі мен құзыреті туралы айтылған [10].

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясына сәйкес, 87-бапқа сәйкес әкім тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің атқарушы органын басқарады [5]. Жергілікті деңгейде, ауылдық округтерде алқалы атқарушы орган құрылмайды, сондықтан атқарушы билік тікелей әкімге тиесілі.

Қазақстанда жергілікті мемлекеттік басқарумен өзін-өзі басқарудың үш деңгейлі жүйесі қалыптасқан:

- 1) Облыстық деңгей – облыс әкімі және облыстық мәслихат;
- 2) Аудандық деңгей – аудан әкімі және аудандық мәслихат;
- 3) Ауылдық деңгей – ауыл әкімі және жергілікті қоғамдастық жиналысы.

Әр түрлі деңгейдегі әкімдер жоғары билік органдарының, Президент пен Үкіметтің алдында жауап береді және мемлекеттік қызметшілердің де, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының да функцияларын орындайды. Облыс, республикалық маңызы бар қалалар және бас қала әкімі Президент тиісті мәслихаттың келісімімен және басқа деңгейде тағайындайды, яғни әкімдердің заңға сәйкес тағайындалуына немесе сайлануына толық мүмкіндігі бар [5].

Президент әлі де өз қалауы бойынша әкімдерді жұмыстан босату мүмкіндігіне ие.

Қазақстан қазіргі таңда дамудың әр түрлі деңгейлерінен сәтті өтіп, мемлекеттік басқару жүйесінде ашықтық, демократиялық бағытта жетістіктерге жетуде. Оның бір мысалы, әкімдердің тікелей сайлауы деп көрсетсек болады. Бұл – жергілікті жерлерде қалыптасқан мәселелерді жергілікті жерде шешуге мүмкіндік туғызу мақсатында орталықсыздандыру, яғни жоғары тұрған органдардың есебінен төменгі билік органдарының өкілеттіліктерін кеңейту жолы болып табылады.

Жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару институттарын нақты бөлу үшін Қазақстан Республикасының Президенті «Жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамытуға бағытталған 2025 жылға дейінгі жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту» тұжырымдамасын бекітті. Осы Тұжырымдама шеңберінде «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» жаңа заң әзірленуде, ол жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құрылымын, қалыптасу рәсімдері мен өкілеттіктерін айқындайды. 2024 жылдан бастап ауылдық округтердегі жергілікті қоғамдастық жиналыстары өкілді органдар - жергілікті істерді басқаруда, соның ішінде даму жоспары мен бюджетін бекітуде, олардың орындалуын бақылауда және ауылдық деңгейдегі салық ставкаларын реттеуде көбірек өкілеттіктер берілетін кеңестер болып қайта құрылады. Тұжырымдама сондай-ақ азаматтардың ауылдық округтердің төменгі деңгейдегі әкімдерін тікелей сайлауын, сондай-ақ әкімдердің мәртебесі мен дербестігін арттыра отырып, олардың өкілеттіктерін кезең-кезеңімен кеңейтуді көздейді.

Әкімдерді сайлау жөніндегі сайлау іс-шаралары мен рәсімдері ҚР Конституциясымен [5], "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі ҚР Конституциялық заңымен [6] және 2001 жылдан осы кезге дейінгі кезеңде қабылданған өзге де нормативтік актілермен реттеледі.

Осы уақыт аралығында әр түрлі деңгейдегі әкімдердің сайлаулары өткізілді. Жергілікті атқарушы орган басшыларын сайлау кезеңдері жергілікті жердегі кемшіліктер мен олқылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Әкімдер – биліктің әрбір өңірдегі тікелей өкілі. Жұрт олардың қызметіне қарап, бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін бағалайды және баға береді. Қажет болған жағдайда халық ел басқару ісіне тікелей араласуына мүмкіндік алады.

ҚР-да әкімдерді сайлау жүйесі әр түрлі кезеңдерден өткен болатын. Негізінен әкімдерді сайлау тәжірибесін Қазақстан Республикасының экс-президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысымен алғаш рет 1998 жылы ҚР Конституциясына: «Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері қызметке Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын тәртіппен тағайындалады немесе сайланады» - деген өзгерістер енгізілді [5]. Осылайша Қазақстанда сайланбалы әкімдер институтының конституциялық құқықтық негізі пайда болды.

1999 жылы ҚР ОСК-ның қаулысына сәйкес Алматы облысы, Қарасай ауданының Шамалған ауылдық округінде Қазақстанда алғаш рет әкімнің тікелей эксперименттік сайлауы өтті [3].

2001 жылы орталық және жергілікті атқарушы органдар арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мақсатында «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңы қабылданып, бұл әкімдердің сайлау жүйесін дамытудағы келесі қадам болды [7]. Сол жылы 23 маусымдағы ҚР Президентінің Жарлығына [12] сәйкес тағы да эксперимент ретінде 14 облыстың әрқайсысында 2 елді мекеннен барлығы 28 ауылдық елді мекенде әкімдердің жанама сайлауы өткізілді [9]. Алайда, сол кезеңдерде ауыл әкімдерінде қаржы ресурстары жоқ болды, бұл жергілікті жердегі атқарушы орган басшыларының қызметінде кемшілік болып табылды. Сайланған әкімдерді жоғары тұрған әкімдерге тәуелділігінен арылтқан жоқ.

Бұған қарамастан ҚР Президентінің 2004 жылғы «Қазақстан Республикасының жекелеген аудандары әкімдерін сайлауды эксперимент ретінде өткізу туралы» Жарлығына сәйкес, 2005 жылы республиканың 4 ауданында әкімдердің эксперименттік сайлауы өтті [13,9].

2006 жылы демократияны одан әрі дамыту мақсатында ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының облыстық маңызы бар аудандары мен қалалары әкімдерінің сайлауын өткізу туралы» Жарлығы шықты [14]. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комитетінің күнтізбесі бойынша 49 аудан мен 10 қалада әкімдерді сайлау балама түрде жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылды. Сайлаушылар ретінде тиісті жергілікті мәслихат депутаттары болды [3].

ҚР Президентінің 2007 жылғы Жарлығына сәйкес Облыстық Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың және қалалардағы аудандардың әкімдерін тағайындау тиісті облыстар мен қалалардың мәслихаттарының келісімімен жүзеге асырылды. Осының нәтижесінде аудандар мен облыстық маңыздағы қала әкімдерінің сайлауын өткізуді көздейтін ҚР Президентінің 2006 жылғы Жарлығы жойылды.

2012 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің № 438 Жарлығына сәйкес «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы» бекітіліп, демократияландырудың келесі сатысына қадам жасалынды. Аталған құжатта әкімдердің сайлануы мен тағайындалуы және мәслихаттардың қоғамдағы рөлі туралы айқындалған. Бұл құжат ҚР-да жергілікті өзін-өзі басқаруды ілгерілетудің 2013-2020 жылдардағы орын алған өзгерістерін қамтыды [15].

Әр түрлі кезеңдерде әкімдерді қызметке тағайындау жүйесінде демократияландыру үдерістері орын алғанмен, олардың жергілікті жерлерде жеткілікті биліктері, оның ішінде, бюджеті жоқ екендігі көрініс тапқан болатын.

Жергілікті деңгейдегі мұндай өзгерістер бірден тиімді болды деп айтуға болмайды. Оны іске асыру үшін және бірқалыпты қолдану үшін уақыт қажет ететіндігі де белгілі. Сондай-ақ, халықтың да бірте-бірте билікке деген сенімін арттыру, елдік деңгейдегі мәселе бойынша шешім қабылдауға деген

сұраныстарын қанағаттандыру үшін одан әрі бұл жүйені дамыту қажеттілігі туындады.

Бұған қоса, ауылдық округтер әкімдерінің алдыңғы жанама сайлауы халықтың азаматтық белсенділігін арттыруда оң нәтижелерге қол жеткізген жоқ, өйткені мәслихат депутаттарына деген сенім төмен болды. Сонымен қатар, шет елдердің тәжірибесі көрсеткендей, сайлаушылар алдында жауап беретін жергілікті атқарушы органдардың басшыларын тікелей сайлау тиімдірек жұмыс істеуге ықпал етеді.

Осы тұрғыда, 2021 жылы ауыл әкімдерін тікелей сайлау өткізіліп, нәтижесінде сайлау заңнамасына өзгерістер енгізілді. Бұл тұрғындарға ауыл әкімдерін өз бетінше таңдауға және бюджеттерін басқаруға мүмкіндік берді.

### **Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлаудың халықаралық тәжірибесі**

Қалалардың, муниципалитеттердің және аудандардың жергілікті автономиясы қазіргі конституциялық мемлекеттердің негізгі элементі болып табылады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, әлемде жергілікті деңгейде басқаруды үйлестірудің және жергілікті жерде басқару органдарын қалыптастыру механизмін анықтайтын үш классикалық моделі қалыптасқан [23]. Зерттеу тақырыбы аясында контекстінде үш модельдің салыстырылатын басты критериясы ретінде төменгі аумақтық бірліктердің басшыларын (әкімдерін) сайлау/тағайындау принципі негізге алынады:

Ұлыбритания, Канада, АҚШ және Австралияға тән англо-саксон моделі. Мәселен, осы модельде жергілікті деңгейдегі басқару органы кеңес болып табылады, оның мүшелерін 4 жылға тікелей халық сайлайды. Әрі қарай, кеңес мүшелерінің арасынан әкім (төраға) ұсынылады, бірақ ол атқарушы биліктің өкілеттігіне ие емес, тек өкілдік функцияларын орындайды. Осылайша, кеңестер мен оның комитеттері жергілікті жерлерде мемлекеттік басқару функцияларын орындайды. Әкімшілік аумақты басқару әріптестік қағидаттарында өтеді. Бұл елдерде тұрғылықты мәселелерді шешуде жергілікті деңгейдегі басқару мекемелеріне үлкен автономия беретін орталықсыздандырудың жоғары деңгейі (төменнен жоғарыға қарай федерация құру) белгіленген. Жергілікті жердегі басқару мекемелерінің орталық билікке тікелей бағынуы жоқ, сонымен бірге жергілікті деңгейдегі билік ету органдарының уәкілеттіліктерінің нақты құқықтық шоғырлануы: ерекше құзыреттілік принципі [24].

Континентальды модель Францияда, Италияда, Бельгияда, Нидерландыда, Испанияда, Латын Америкасы елдерінде, сондай-ақ Африканың, Таяу Шығыстың және т. б. көптеген француз тілді елдерде жүзеге асырылады. Бұл модельде кеңес жұмыс істейді, оны халық алты жылға сайлайды. Әрі қарай Кеңес өз құрамынан әкімшілік бірліктің (коммунаның) атқарушы органының өкілі болып табылатын әкім мен оның орынбасарларын сайлайды. Бұл модельдің айрықша ерекшелігі болып атқарушы билікті басқаратын әкімнің префектке бағынатын орталық биліктің өкілі екендігі табылады.



Қарастырылған мысалдардан басқа, әрқайсысының ерекшеліктерін ескеретін және өзіндік ерекшеліктері бар Жергілікті өзін-өзі билік жасауды үйлестірудің біріктірілген модельдері бар. Мұндай модельдер Германияда, Австрияда, Жапонияда, кейбір постсоциалистік елдерде, әсіресе Польша мен Чехияда қолданылады. Бұл жағдайларда төменгі деңгейдегі жеткілікті автономды жергілікті өзін-өзі басқаруды жоғары деңгейдегі мемлекеттік басқарумен біріктіруге болады.

Осы ретте Германия мен АҚШ елдерінің тәжірибесі толығырақ қарастырылды.

Германия. Германия Федеративтік Республикасының Негізгі Заңында және штаттардың конституцияларында бекітілген қалалардың, муниципалитеттердің және аудандардың жергілікті қоғамдастықтың істерін дербес ұйымдастыруға және басқаруға кепілдік берілген құқықтары іс жүзінде демократияның көрінісі және ажырамас бөлігі болып табылады. Жергілікті автономия халық үшін жергілікті және аудандық деңгейде шешім қабылдау құқығына кепілдік береді және оны билікті орталықтандырылмаған бөлудің маңызды элементі ретінде көрсетеді. Персоналдың бұл көп саны жергілікті өзін-өзі басқару органдарының азаматтармен тікелей байланыста көптеген мемлекеттік қызметтерді көрсету функцияларын көрсетеді (штаттарда қызметкерлер саны білім берудің үш саласында жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлер санының көптігіне байланысты ғана жоғары, яғни мектептер мен университеттер, полиция және соттар). Көптеген әкімшілік мәселелер бойынша азаматтар мен компаниялар үшін бірінші және ең маңызды байланыс нүктесі болып қаланың немесе муниципалитеттің әкімдігі немесе олардың округінің округ әкімшілігі табылады. Бұл қызметтер көбінесе Bürgerämter (әмбебап дүкендер) деп аталатын әкімшілік қызмет көрсету орталықтарында ұйымдастырылады.

Қалалардың, муниципалитеттердің және аудандардың жергілікті автономиясы қазіргі конституциялық мемлекеттердің негізгі элементі болып табылады. Бұл «жергілікті демократия». Германия Федеративтік Республикасының Негізгі Заңында және штаттардың конституцияларында бекітілген қалалардың, муниципалитеттердің және аудандардың жергілікті қоғамдастықтың істерін дербес ұйымдастыруға және басқаруға кепілдік берілген құқықтары іс жүзінде демократияның көрінісі және ажырамас бөлігі болып табылады. Еркіндікті қамтамасыз ететін тәртіп элементі. Жергілікті автономия халық үшін жергілікті және аудандық деңгейде шешім қабылдау құқығына кепілдік береді және оны билікті орталықтандырылмаған бөлудің маңызды элементі ретінде көрсетеді. Бұл жүйенің мәні қоғамдастықтың бургомистрі жергілікті өкілді органды (қоғамдық кеңесті) де, жергілікті әкімшілікті де басқарады. Осылайша, тікелей сайлау негізінде халық сайлаған бургомистр командалық бірлік қағидалары бойынша жұмыс істейді және әдетте өз қауымдастығында өте үлкен салмаққа ие.

Германия Федеративтік Республикасы – билікті бөлу принципі әрекет ететін конституциялық мемлекет. Осы себепті мемлекеттік билікті бөлу тек заң

шығарушы, атқарушы және сот билігіне көлденең ғана емес. Жергілікті автономияда субсидиарлық принцип маңызды рөл атқарады; ол мемлекетті жерлер, округтер және жергілікті үкіметтер сияқты кішігірім, бағынышты құрылымдарға көмектесуге міндеттейді, бірақ егер олар өз бетімен орындай алатын болса, мемлекеттің олардың міндеттеріне араласуына жол бермейді.

Бүгінгі күні Германияда конституциялық тұрғыдан бөлек және заңдық тұрғыдан тәуелсіз бес саяси деңгей бар. Жоғарыдан төменге қарай олар:

- Еуропалық Одақтың әртүрлі еуропалық ұлттық мемлекеттердің бірлестігі ретіндегі деңгейі,

- Германия Федеративтік Республикасының басқа мемлекеттерге қатысты конституциялық егемендігі бар ұлттық мемлекет ретіндегі деңгейі,

- 16-деңгей Елдер мүше мемлекеттер немесе басқа мемлекеттерге, соның ішінде мемлекеттік аралық органдарға (аймақтық үкімет, аймақтағы ең жоғары лауазымды тұлға) қатысты егемендігі жоқ бағынышты мемлекеттер ретінде;

- Ауданға кірмейтін аудандар мен қалалардың деңгейі,

- Қалалар мен муниципалитеттердің деңгейі.

Аудандар, қалалар және муниципалитеттер жергілікті автономияның құрамына кіреді. Осыған байланысты аудандар (және аудандардың құрамына кірмейтін қалалар) белгілі бір функцияларды орындауы тиіс екенін есте ұстаған жөн. Олар аймақтық билік органдары және жергілікті билік органдарының бірлестігі және сонымен бірге мемлекеттік басқарудың ең төменгі органдары болып есептеледі. Жергілікті өзін-өзі басқарудың міндеттері бір жағынан аудандарға, екінші жағынан қалалар мен муниципалитеттерге бөлінеді, муниципалитеттер көрсете алмайтын жергілікті жер үсті қызметтерді негізінен аудандар көрсетеді деген қағидаға сәйкес.

Мәселен, мысалы, қоқыс шығаратын шұңқырдың құрылысы мен қызмет көрсетуі жеке муниципалитеттің қаржылық мүмкіндіктерінен асып түседі. Аудан бұл міндетті ауданды құрайтын барлық муниципалитеттерге алады.

Аудандардың құрылымы муниципалитеттерге ұқсас. Олардың парламенті аудандық кеңесті аудан халқы сайлайды. Аудандық кеңес қалалардағы қалалық кеңес сияқты округтік автономияның негізгі органы болып табылады. Қалалар мен муниципалитеттер көрсететін қызметтерді басқару аудандардың жауапкершілігінен басым болады. Осылайша, жергілікті жер үсті округтер егер міндет муниципалитеттің қызмет көрсету мүмкіндігінен асатын болса ғана жауапты болады. Қалалар мен муниципалитеттердің жауапкершілігі басым. Сонымен бірге, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекеттік инвестициялардың негізгі бөлігін жүзеге асырады (көбінесе штаттар немесе федералды бағдарламалар бірлесіп қаржыландырады). Ерікті әрекеттерді муниципалитет жүзеге асырады және муниципалитет олардың қалай шешілетінін өзі шешеді. Қызметтің тағы бір саласы – су, қалдықтарды шығару, энергиямен қамтамасыз ету және т.б. жоғарыдан бағытталмаған міндетті салалар. Муниципалитет осы салалардағы іс-әрекеттерді өз бетінше басқаруға немесе оларды жеке бизнеске беруді таңдауға еркін.

Германияда қауымдастықтарға заң шеңберінде және өз жауапкершілігімен жергілікті өзін-өзі басқарудың барлық мәселелерін реттеу құқығына кепілдік берілуі керек. Қоғамдық бірлестіктер заңда және заңдарда белгіленген құзыреті шегінде өзін-өзі басқаруға да құқылы. Өзін-өзі басқаруды қамтамасыз ету тәуелсіз қаржылық жауапкершілік негіздерін де қамтиды. Бұл негіздер қауымдастықтың экономикалық маңызы бар салық түсімдерінің мөлшерлемелерін өздігінен анықтау құқығын қамтиды. Неміс заңдарындағы мүмкіндіктерді теңестіру кепілдіктерін сақтау генералдың қаржылық мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін есепке алуды, сондай-ақ федерацияға жалпы қаржылық қажеттіліктерді қосымша жабу үшін экономикалық нашар игерілген жерлерге қосымша субсидиялар беру мүмкіндігін білдіреді. Федерация федералдық заңға сәйкес жалпы экономикалық тепе-теңдікті бұзуды болдырмау немесе федерация ішіндегі экономикалық әлеуеттің теңсіздіктерін өтеу үшін жерлер мен қауымдастықтарға ерекше маңызды инвестициялар үшін елге қаржылық көмек көрсету мүмкіндігіне ие экономикалық өсуге ықпал ету. Германия Конституциясында әртүрлі салықтардан бюджетке шегерімдердің нормалары үшін нақты мәндер жоқ, бірақ жергілікті бюджеттердің теңгерімінің маңызды конституциялық кепілдіктерінің бірі болып табылатын жоғарыда аталған жалпы ереже де бар.

Сонымен, Германиядағы жергілікті өзін-өзі билік жасау жүйесінің айқын артықшылығы бар-ол орталықтандырудың қажетті тепе-теңдігіне қол жеткізе отырып, мемлекеттік билік пен жергілікті басқару әрекеттерінің бірлігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ол тұрғындарға және оның атынан әрекет етушілерге сайланған органдарда сол жердің мәселелері бойынша өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік береді.

Америка Құрама Штаттарының жергілікті өзін-өзі басқару органдары айтарлықтай тәуелсіздікке ие бола отырып, экономикалық және әлеуметтік қызметтердің жұмысын қамтамасыз етеді, федералды үкіметтің, штат үкіметтерінің көптеген әлеуметтік-экономикалық бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асырады. Полиция мен сот мекемелерінің көпшілігі жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзырында. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары бюджетті дербес қалыптастырады және дұрыс қаржылық негізде жұмыс істейді. Муниципалдық органдардың меншікті кірістерінің негізгі көзі халықтан түсетін салықтар мен төлемдер болып табылады. Оларды орталық органдардың бақылауындағы муниципалитеттер құрып, жинайды. Жергілікті бюджет АҚШ бюджетінің 50-60% құрайды.

АҚШ-тағы жергілікті басқару жүйесі муниципалитеттердің орталық үкімет пен штат үкіметтерінен орталықсыздандырылуымен және тәуелсіздігімен сипатталады. Алайда, федералды билік муниципалитеттермен федералды несиелер мен Субвенциялар арқылы байланыс орната алады. Мемлекеттік қаржыландыру муниципалды басқару органдарын федералды реттеуге тартудың негізгі әдісі болып табылады. Субвенциялар әлеуметтік-экономикалық дамуға, табысы төмен отбасыларға өтемақы төлеуге, жұмыспен қамту және білім беру

параметрлері бойынша округтерді теңестіруге, сондай-ақ жергілікті бюджеттер шығыстарының қосымша көзіне арналған.

Осылайша, АҚШ-тағы жергілікті өзін-өзі басқару органдары азаматтардың бастамасымен құрылған автономды құрылымдар бола отырып, бір уақытта федералды және штат үкіметтерінің бағдарламалары мен жобаларын түпкілікті орындаушылар қызметін атқарады.

Муниципалды корпорациялар (Сити, Боро, Вилиги, Таун) американдық өзін-өзі басқаруда маңызды рөл атқарады, бұл олардың негізінен ел халқының 87% - ы тұратын және әлеуметтік-экономикалық және адам өмірін қамтамасыз ететін басқа қызметтерге деген қажеттілік жоғары қалаларда басқару органдары болып табылатындығына байланысты. Округтермен қатар олар АҚШ-тағы ең ірі жергілікті басқару құрылымдары болып табылады. Округтер-бұл үлкен аумағы мен халқы аз ауылдық жерлерге тән өзіндік басқару органдары.

Аумақтық тұрғыдан округтер мен муниципалитеттер бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені муниципалитеттердің жартысынан көбі округтердің құрамына кіреді (39 қала округтерден бөлінген және олардың муниципалитеттері муниципалдық корпорациялар мен округтерге тән функцияларды орындайды). Муниципалитеттердегі негізгі жұмыс органдары кеңестері болып табылады, олардың құрамы 5-тен 9-ға дейін, ал 500 мыңнан астам қалаларда-орташа есеппен 13 адам.

Муниципалдық кеңестер-сайланған органдар; АҚШ-тағы жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау нәтижелерін анықтау негізінен салыстырмалы көпшіліктің көпшілік жүйесі бойынша жүзеге асырылады. Мұндағы ерекше ерекшелігі - көптеген Штаттардың Конституциялары Саяси партиялар мен бірлестіктерге жергілікті сайлауға қатысуға және өз кандидаттарын ұсынуға тыйым салады.

Сайлау және алқалылық муниципалдық кеңестердің жұмысының сапалық сипаттамасымен шектелмейді. Өкілдік қағидаттың тиімділігі мен жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігі муниципалды органдардың өкілеттіктері мен функцияларында, сайланған адамдардың құқықтық мәртебесінде және олардың жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасында, әр муниципалитеттің ішіндегі үкіметтік және атқарушы билік арасындағы өзара әрекеттесу деңгейінде ашылады.

АҚШ-та тауншиптер мен Таун деп аталатын жергілікті басқару органдары - халықтың тікелей (тікелей) өзін-өзі басқаруының соңғы "реликті" түрі-бүгінде тек 20 штатта бар. Олардың муниципалитеттерден ресми айырмашылығы-олардың шекаралары халықтың шоғырлануына тәуелді емес: олар сирек қоныстанған ауылдық жерлерді де, урбанизацияланған аумақтарды да қамтуы мүмкін. Тауншиптердің функциялары муниципалитеттерге қарағанда аз кең, дегенмен олар соңғысына ұқсас.

АҚШ-тағы көптеген қалалардың жоғарғы органы-барлық тұрғындардың жыл сайынғы жиналысы, ол жергілікті қоғамдастықтың маңызды мәселелері бойынша шешім қабылдайды. Жиналыстарда жиналыстар арасындағы атқарушы орган болып табылатын Кеңес таңдалады. Басқа шенеуніктер де таңдалады.

Округтер географиялық аймаққа байланысты әр түрлі функцияларды орындайтын аймақтық өзін-өзі басқарудың негізгі бөлімшелері болып табылады.

Муниципалитеттердегі сияқты округтердегі негізгі жұмыс органдары кеңестер болып табылады. Оларды да халық сайлайды, дегенмен кейбір уездерде олар ауылдық жерлердегі – қалалар мен қалалардағы – бірлестіктердің шенеуніктерінен құрылуы мүмкін. АҚШ-тың көптеген штаттарындағы округтік басқарудың айрықша ерекшелігі біртұтас атқарушы биліктің болмауы болып табылады, өйткені кеңестермен бірге жергілікті халық осы биліктен өз қызметінде формальды түрде тәуелсіз бірқатар шенеуніктерді сайлайды: шериф, адвокат, қазынашы, сот мәжілісінің хатшысы, сот қызметкері, бағалаушы, ревизор, округ хатшысы, тіркеуші, мектеп директоры, округтік маркшейдер.

Польшадағы жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі принциптері:

- жергілікті өзін-өзі басқару органдарының саяси тәуелсіздігі (автономиясы);

- кірістері қоғамдастықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті болуы керек тәуелсіз бюджеттер (және бұл заңнамада белгіленген);

- жеке мүлік;

- заңнаманы сақтау бөлігінде мемлекеттің қадағалауы.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық, тарихи және өзге де қасиеттерін ескере отырып ғана шет елдердің тәжірибесін қолдануға болатыны анық. Мысалы, американдық муниципалитеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының жетістігі кең бюджеттік және салықтық өкілеттіктерде, жергілікті бюджеттерді қалыптастырудағы автономияда, сондай-ақ жергілікті салықтардың жоғары үлесінде (АҚШ шоғырландырылған бюджетінің 22%-дан астамы) жатыр. Қазақстанда жергілікті басқару органдары көпшілігі әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша сараланғанымен, олардың бюджеттері субсидияланады және толығымен жоғары тұрған бюджеттердің көмегіне тәуелді.

Заңды түрде округтер мен елді мекендер (коммуналар) Германияда да, Қазақстанда да бір-біріне бағынбайды. Алайда, бүгінгі күні біздің елде іс жүзінде елді мекен басшылары өз қызметінде аудан басшысының тапсырмаларын басшылыққа алуға мәжбүр. Ал Германияда халықтың мүддесі бірінші орында.

Тағы бір мәселе, Қазақстан Республикасында балабақшалар, мектептер мен ауруханалар жергілікті атқарушы органдарға (әкімдіктерге) тікелей емес, облыстық мемлекеттік органдарға бағынады, бұл жергілікті жерде тиімді басқару мен сапалы қызмет көрсетуді қиындатады.

Шет елдерде де білім беру және денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқаруды ұйымдастырудың әртүрлі үлгілері бар және олардың кейбіреулерінде бұл қызметтер жергілікті жерлердегі басшылық жасайтын органдарға тікелей бағынуы мүмкін.

Мысалы, АҚШ-та білім берудегі билікті орталықсыздандыру моделі бар, онда мектептерді жергілікті мектеп округтері бақылайды, олардың өз бюджеті бар және басшыларын сайлайды. Бұл модельде білім беру ұйымдарын

ұйымдастыру мен қаржыландыруға байланысты шешімдерді қабылдау үшін жергілікті органдардың мүмкіндіктері көбірек [28].

Еуропада білім беру мен денсаулық сақтауды басқарудың әртүрлі модельдері орталықтандырылғаннан орталықтандырылмағанға дейін. Мысалы, Германияда мектептер мен ауруханалар муниципалды деңгейде басқарылады, бұл жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жергілікті мекемелерді басқаруда және жергілікті қажеттіліктерді ескеретін шешімдер қабылдауда үлкен тиімділік береді [29].

Бүгінгі таңда, кейбір жағдайларда Қазақстандағы әкімдер сайлау алдында салық декларацияларын дұрыс толтырмауға байланысты проблемаларға тап болуы мүмкін. Тіпті кішігірім қателіктер олардың сайлауға қатысуына жол бермеуі мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін Америка Құрама Штаттарының тәжірибесін қарастыруға болады.

АҚШ-та TurboTax сияқты ұқсас бағдарламалар жүйесі салық төлеушілерге салық декларацияларын толтыру процесін жеңілдетуге және қателіктердің ықтималдығын азайтуға мүмкіндік береді.

TurboTax-Америка Құрама Штаттарындағы салық декларацияларын толтыруға арналған бағдарламалық құрал. Бұл салық төлеушілерге салық декларацияларын дайындаудың ыңғайлы және қарапайым әдісін ұсынады, қадамдық нұсқаулар мен салықтарды автоматты түрде есептеуді ұсынады. TurboTax алдыңғы жылдардағы деректерді импорттауға мүмкіндік береді, сонымен қатар салық мәселелері бойынша егжей-тегжейлі түсініктемелер мен кеңестер береді. Бұл миллиондаған американдықтарға салық декларацияларын толтыру процесін жеңілдетуге және қателіктерді азайтуға көмектесетін танымал және кеңінен қолданылатын бағдарламалық жасақтама.

TurboTax-тың басты артықшылығы – ол мемлекеттік органдардың сайттарымен біріктіріліп, салық декларацияларын дұрыс толтыруға кепілдік береді. Бұл бірнеше маңызды артықшылықтар береді:

1. Деректерді автоматты түрде импорттау: TurboTax салық төлеушілерге өздерінің қаржылық деректерін тікелей мемлекеттік органдардың сайттарынан импорттауға мүмкіндік береді. Бұл декларацияны толтыру процесін едәуір жеңілдетеді, өйткені ақпараттың көп бөлігі жүйеде Қол жетімді. Салық төлеушілер олардың деректерінің дұрыс және дәл импортталғанына сенімді бола алады, бұл қателіктер қаупін азайтады.

2. Салықты автоматты түрде есептеу: TurboTax салық міндеттемесін автоматты түрде есептеу үшін импортталған деректерді пайдаланады. Жүйе нақты қорытындыға жетуге мүмкіндік жасайтын салық ставкаларын, жеңілдіктерді және басқа факторларды ескереді. Бұл салықтарды есептеу кезінде қателіктер жіберу мүмкіндігін айтарлықтай төмендетеді және салық төлеушілерге айыппұлдар мен қолайсыздықтардан аулақ болуға көмектеседі.

3. Ыңғайлылық пен уақыт: мемлекеттік органдармен интеграцияның арқасында TurboTax декларацияны толтыру үшін қарапайым және ыңғайлы интерфейсті ұсынады. Салық төлеушілер өз деректерін сақтай және қайтара алады, прогресті бақылай алады және салық міндеттемелерін оңтайландыру

бойынша ұсыныстар ала алады. Бұл уақытты үнемдейді және процесті жеңілдетеді, бұл әсіресе бос емес адамдар үшін өте маңызды.

4. Дұрыстығына кепілдік: мемлекеттік сайттармен Интеграция салық декларацияларының дұрыс толтырылуына кепілдік береді. TurboTax салық органдарының сәйкестігін қамтамасыз ететін тиісті салық ережелері мен жаңартуларын қолданады. Салық төлеушілер өздерінің декларациялары дұрыс және қолданыстағы заңнамаға сәйкес болатынына сенімді бола алады.

Мұндай жүйені қолдану әкімдер үшін процесті жеңілдетіп қана қоймай, салық міндеттемелеріне қатысты ашықтық пен сенімділікті арттыруға ықпал ететінін атап өткен жөн. Нәтижесінде әкімдер өздерінің салық декларацияларының дұрыстығына сенімді бола алады және қате толтырумен байланысты проблемаларды болдырмайды. Тұтастай алғанда, АҚШ тәжірибесіне негізделген жүйені енгізу сайлау алдында әкімдердің салық декларацияларындағы қателіктердің ықтималдығын айтарлықтай төмендетуі және барлық қатысушылар үшін әділ және ашық процесті қамтамасыз етуі мүмкін.

## **Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды дамытудағы сайлау институттарының жұмысын талдау**

### **Қазақстан Республикасындағы аудандық маңызы бар қала, кент және ауылдық округ әкімдерінің сайлау тетіктері**

2021 жылдың мамырындағы сайлау заңнамасындағы өзгерістер және толықтырулар жасалған соң, Қазақстан Республикасындағы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округтер басшыларын тікелей сайлау жүзеге асырыла бастады. Жергілікті деңгейде әкімдердің тікелей сайлауын енгізу еліміздегі саяси жүйені жаңғыртудың жарқын көрінісі болды.

Осыған дейін де әкімдердің сайланбалылығы болған, бірақ тікелей халық сайлауы болмады. Осыдан соң халық өзі сайлауға, яғни жергілікті жерде басшысын өздері сайлап, мәселелерін шешуге мүмкіндік ала бастады. Атап айтқанда, тұрғындардың билікке деген сенімі артуына, елдің қажеттеліктері мен түйткілді мәселелерінің бірлесіп шешімін табуына, халықпен санаса отырып есеп беруіне үлкен қадам болуда.

Саяси партиялар мен азаматтар әкім лауазымына кандидаттар ұсына алады. Егер кандидаттарды ұсыну аяқталу мерзімінде екіден аз болса немесе тіркеу аяқталғаннан кейін екіден аз кандидат қалса, аудан әкімі бір немесе екі кандидатты ұсынуға құқылы. Елімізде жергілікті деңгейдегі әкімдерін сайлауларын өткізу Күнтізбелік жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

Олардың сайлауын өткізу кезеңдері төмендегідей болып келеді:

- Ауыл әкімдері үшін сайлау тағайындау.
- Әкім лауазымына кандидаттарды ұсыну.
- Кандидаттардың заңнама талаптарына сәйкестігін тексеру.
- Кандидаттардың өзін-өзі ұсынуын қолдау үшін қол жинау, қолды тексеру және хаттама жасау.

- Сайлау жарнасын енгізу.
- Кандидат пен олардың жұбайы(зайыбы) декларациялаған активтер мен міндеттемелерді тексеру және арнайы тексеру.
- Әкімге кандидаттарды тіркеу және куәліктер беру.
- Сайлау алдындағы үгіт және сайлаушылармен кездесу үшін Үй-жайлар бөлу.
- Дауыс беруді өткізу және дауыстың нәтижелері бойынша хаттама жасау.
- Сайлау жарамсыз болған немесе екі кандидаттың дауысы тең болған жағдайда ауылдық округтер әкімдерінің қайта сайлауын өткізу.
- Әкімді сайлау нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.
- Сайланған әкімдерді тіркеу және тиісті куәліктер беру.

Сайлау өткізілгеннен кейін 7 күн ішінде аумақтық сайлау комиссиясы сайланған әкімді тіркейді, содан кейін ол өз өкілеттігіне кіреді.

Бір адам бір аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі болып қатарынан екі рет сайлануға ғана құқылы. Әкімдердің сайланатын мерзімі - 4 жыл [6].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың құрылымы мен сайлау механизмін толықтай зерттей отырып әкімдердің сайлау жүйесін жетілдіру бойынша SWOT-талдау жүргізілді (кесте 2):

Кесте 2 - Әкімдердің сайлау жүйесін жетілдіру бойынша SWOT-талдау

<b>Мықты жақтары (Strengths)</b>	<b>Әлсіз жақтары (Weaknesses)</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>– азаматтардың сайлау процесіне және жергілікті деңгейде шешім қабылдауға қатысуын арттыру;</li> <li>қазір өз сайлаушылары алдында жауапты әкімдер жұмысының</li> <li>– тиімділігін арттыру;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– елдің бірқатар аймақтарында тікелей сайлау тәжірибесінің болмауы, бұл сайлауды ұйымдастыру мен өткізуде кейбір қиындықтарға әкелуі мүмкін;</li> <li>– тікелей сайлаудың тиімділігін төмендетуі мүмкін жекелеген аймақтардағы саяси мәдениет пен азаматтық белсенділіктің</li> </ul>

## 2-кестенің жалғасы

<p>ауыл тұрғындарының өз бюджеттерін басқарудағы және жергілікті мәселелерді шешудегі мүмкіндіктерін кеңейту.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– төмен деңгейі;</li> <li>– тікелей сайлау өткізу және жергілікті деңгейде тиімді басқару үшін жергілікті органдарда қаржылық және кадрлық ресурстардың жетіспеушілігі.</li> </ul>
<b>Мүмкіндіктер (Opportunities)</b>	<b>Қауіп-қатер (Threats)</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>– ауыл әкімдерін тікелей сайлауды енгізу арқылы демократияны нығайту және жергілікті өзін-өзі басқарудың сапасын арттыру мүмкіндігі;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– кейбір саяси күштердің тікелей сайлауды өз пайдасына пайдалана білуі, бұл сыбайлас жемқорлық пен заң бұзушылықтарға әкеп соғуы мүмкін;</li> </ul>



<p>– азаматтардың жергілікті атқарушы органдарға және жалпы саяси жүйеге сенімін арттыру мүмкіндігі;</p> <p>– қазақстанды демократияландыру және жергілікті деңгейде азаматтардың құқықтарын нығайту үдерісіне қоғам мен халықаралық назарды аудару мүмкіндігі.</p>	<p>– кандидаттардың аздығы және шектеулі таңдау, әсіресе шағын ауылдарда тікелей сайлаудың тиімділігін төмендетуі мүмкін;</p> <p>– жергілікті деңгейде жағдайды нашарлататын және жергілікті атқарушы органдардың міндеттерін қиындата алатын әлеуметтік-экономикалық проблемалардың өршу мүмкіндігі.</p>
<p>Ескертпе – [6] негізінде автормен құрастырылған</p>	

Қазақстандағы әкімдердің сайлау жүйесін жетілдірудің SWOT-талдауы негізінде мынадай жалпы тұжырымдар жасауға болады:

1. Ауылдық округ әкімдерінің тікелей сайлауы тұрғындарға жергілікті көшбасшыларды таңдау процесіне қатысуға мүмкіндік берді, бұл халықтың азаматтық белсенділігін, жергілікті өзін-өзі басқаруға деген сенімін арттырды.

2. Алайда, әкімдерді тікелей сайлаудың кейбір кемшіліктері бар, мысалы, сайлауды ұйымдастыруда кандидаттардың айла-шарғы жасау мүмкіндігі.

3. Жергілікті атқарушы органдардың неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін басшы персоналдың біліктілігін жақсарту, олардың функцияларын кеңейту және сайлаушылар алдындағы жауапкершілікті арттыру қажет.

4. Сондай-ақ ықтимал бұзушылықтарды болдырмау және халықтың сайлау жүйесіне деген сенімін арттыру үшін сайлауды ақпараттық қамтамасыз етуді жақсарту және дауыс беру процесінің ашықтығын арттыру маңызды.

5. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту демократиялық қағидаттарға негізделуі және халықтың пікірі мен мүдделерін ескеруі тиіс, бұл жергілікті деңгейде тиімді басқару жүйесін құруға мүмкіндік береді.

#### **Аудан көлеміндегі ауылдық округ әкімдерін тікелей сайлау барысын тәжірибеде зерттеу нәтижелері**

Тақырыпты зерттеу барысында Қызылорда облысының Арал ауданында тікелей сайлау жүйесінің өткізу тәжірибесімен және тікелей сайлау өткізілген 4 ауылдық округтегі мемлекет пен халық арасындағы сенімділік деңгейінің, тікелей сайлаудың қоғамдық-саяси ахуалға, әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін және жергілікті жерлердегі өзін-өзі басқаруды дамыту тетіктері қаралды.

Арал ауданындағы зерделеу жүргізілген ауылдық округтерден (Қосжар, Аққұм, Құланды, Жіңішкеқұм) магистрлік жобаға қажетті барынша сайлау мәселелері, оның ішінде тікелей сайлау бойынша ақпараттар зерделенді.


Халық арасында жүргізілген сауалнаманың негізгі мақсаты ауылдық округтерде әкімдердің тікелей сайлау арқылы билікке келуінің халыққа әсері және пайда болған өзгерістерін анықтау болып табылды.

Сауалнама 14 сұрақтан тұрды және Қызылорда облысы, Арал ауданы ауылдық округтерінен 438 адам қатысты. Халық арасында жүргізілген сауалнама келесідей қорытынды берді.

«Тікелей (төте) сайлау арқылы сайланған әкімнің жұмысын бағалап өтсеңіз» сұрағына жауаптардың нәтижесі төмендегідей (1-сурет).

Жоғарыдағы берілген сұраққа жауаптар нәтижесі бойынша респонденттердің 29 %-ы тікелей (төте) сайлау арқылы сайланған әкімнің жұмысына «өте жақсы» деп баға берсе, 35 %-ы «жақсы» деп бағалаған, ал 31 %-ы «қанағаттанарлық» танытса, тек 5 %-ы «нашар» деген баға беріп отыр. Демек, тұрғындар тарапынан әкімдерге деген бағалау деңгейі жоғары болғанымен, халық арасында әлі де көңілі толмайтындар да кездесуде. Сондықтан, алдағы уақытта жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуды халықпен бірлесе атқару қажет екендігі байқалды.

	1-нашар	2-қанағаттанарлық	3-жақсы	4-өте жақсы
Қосжар	2,5%	25%	46%	26,5%
Жіңішкеқұм	3%	21%	42%	34%
Аққұм	14%	26%	33%	27%
Құланды	1%	50%	21%	28%




1-сурет – Сауалнаманың нәтижесі

Е с к е р т п е - сауалнама негізінде автормен құрастырылған

«Әкімдердің тікелей (төте) сайлауы халықтың үміттерін, елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуын және мәселелерді шешуді қамтамасыз ете алды ма?» сұрағына жауаптардың нәтижесі төмендегідей (2-сурет).

Суретте берілген сұраққа жауап нәтижесі бойынша басым бөлігі, яғни 60 %-ы жақсарғандығын айтса, 25 %-ы өзгермегендігін, 13 %-ы жауап беруге қиналатындығын, ал қалған 2 %-ы көңілі толмай нашарлағандығын көрсеткен. Қоғамда демократия орнаған сайын халықтың үміті де ояна береді. Сонымен бірге экономикалық өсім қалыптасқан мәселелердің шешілуіне де жол ашады. Тұрғындардың бұл өзгерістердің келешегіне үміті зор екендігі байқалады.

	Жақсарды	Өзгерген жоқ	Нашарлады	Жауап беруге қиналамын
Қосжар	97%	11%	-	12%
Жіңішкеқұм	51%	19%	5%	25%
Аққұм	43%	42%	2%	13%
Құланды	62%	30%	2%	6%



2-сурет – Сауалнаманың нәтижесі

Е с к е р т п е - сауалнама негізінде автормен құрастырылған

«Сіздің пікіріңізше әкімдерді тікелей (төте) сайлау жүйесінен жанама (бұрынғы) сайлау жүйесіне қайта оралған дұрыс деп санайсыз ба?» сұрағына жауаптардың нәтижесі төмендегідей (3-сурет).

Жоғарыдағы сұраққа берілген жауап нәтижесі бойынша респонденттердің 50 %-ы тікелей сайлаудың қолдайтындықтарын, тек жанама сайлауды 25 %-ы ғана дұрыс екендіктерін көрсеткен. Демек, халықтың сұранысы өз таңдауы арқылы өз әкімдерін сайлауға басымдық қажеттігін көрсетуде.

	Иә жанама сайлау дұрыс	Жоқ тікелей сайлау дұрыс	Ешқандай өзгеріс болмады	Жауап беруге қиналамын
Қосжар	45%	43%	4%	8%
Жіңішкеқұм	21%	41%	13%	25%
Аққұм	21%	44%	19%	16%
Құланды	11%	69%	13%	7%




3-сурет – Сауалнаманың нәтижесі

Е с к е р т п е - сауалнама негізінде автормен құрастырылған

«Тікелей (төте) сайлау рушылдық пен жершілдік, халық арасында араздыққа алып келеді» сұрағына жауаптардың нәтижесі төмендегідей (4-сурет).

Жоғарыда көрсетілген сұрақта әкімдердің тікелей сайлауы рушылдық пен жершілдіктің деңгейін анықтау мақсатында қойылған. Нәтижесі бойынша 44 %-ы келіспейтіндігін, 13 %-ы мүлдем келіспейтіндігін, оның ішінде 17 %-ы жартылай келісетіндігін, 26 %-ы ғана толықтай рушылдық пен жершілдік орын алатындығын көрсеткен. Бұдан көретініміз қазіргі жаһандану заманында халық әкімдердің біліктілігі мен іскерлігіне мән беретіндігі, туыстық қарым-қатынасқа шектеу қою арқылы әділ таңдау жасайтындығы көрінді.

	Толықтай келісемін	Келіспеймін	Жартылай келісемін	Мүлде келіспеймін
Қосжар	45%	36%	13%	6%
Жіңішкеқұм	26%	39%	14%	21%
Аққұм	26%	34%	23%	17%
Құланды	8%	65%	18%	9%




4-сурет – Сауалнаманың нәтижесі

Е с к е р т п е - сауалнама негізінде автормен құрастырылған

«Әкімдерді тікелей (төте) сайлауын енгізу халықтың билікке деген сенімін арттырды ма?» сұрағына жауаптардың нәтижесі төмендегідей (5-сурет).

Халықтың негізгі бөлігі 52 %-ы әкімдерді тікелей сайлаудың билікке сенімділік артқанын, тек 5 %-ы ғана төмендегенін көрсеткен. Бұл халықтың тікелей сайлауға жақсы көзқарасын байқатады.

	Айтарлықтай арттырды	Аз ғана арттырды	Төмендетті	Жауап беруге қиналамын
Қосжар	78%	13%	1%	8%
Жіңішкеқұм	49%	19%	4%	28%
Аққұм	43%	35%	6%	16%
Құланды	36%	44%	8%	12%



5-сурет – Сауалнаманың нәтижесі

Е с к е р т п е - сауалнама негізінде автормен құрастырылған

«Төте сайлау өткізу арқылы халық өзінің қалаған, білікті азаматты сайлап алды» сұрағына жауаптардың нәтижесі төмендегідей (6-сурет).

Сауалнама көрсеткендей, азаматтардың басым бөлігі 63 %-ы төте сайлау арқылы халық өзінің қалаған әкімін сайлағанын, 21 %-ы жартылай келісетіндігін, ал қалғандары келіспейтіндіктерін көрсеткен. Осыдан, төте сайлау арқылы білікті азаматтардың билікке келетіндігін түсінеміз.

	Толықтай келісемін	Келіспеймін	Жартылай келісемін	Мүлде келіспеймін
Қосжар	77%	9%	12%	2%
Жіңішкеқұм	60%	7%	23%	10%
Аққұм	62%	15%	20%	3%
Құланды	53%	10%	27%	10%



6-сурет – Сауалнаманың нәтижесі

Ескертпе - сауалнама негізінде автормен құрастырылған

«Төте сайлау жанама (бұрынғы) сайлаудан қарағанда әділ өтгі деп санайсыз ба?» сұрағына жауаптардың нәтижесі төмендегідей (7-сурет).

54 % - «иә», 11 % - «жоқ», 26 % - «білмеймін», 9 % - «саясатқа араласпаймын» - сұрақтарға жауаптар көрінісі қалыптасқан. Түйін, жанамадан қарағанда тікелей сайлаудың әділ өткендігін көруге болады.

	Иә	Жоқ	Білмеймін	Саясатқа араласпаймын
Қосжар	77%	2%	16%	5%
Жіңішкеқұм	48%	6%	30%	16%
Аққұм	50%	22%	20%	8%
Құланды	40%	15%	36%	9%



7-сурет – Сауалнаманың нәтижесі


Ескертпе - сауалнама негізінде автормен құрастырылған

«Жанама (бұрынғы) сайланған әкімнен қарағанда төте сайланған әкімнің халыққа қызмет етудегі жауапкершілігі жоғары екендігі байқалды» сұрағына жауаптардың нәтижесі төмендегідей (8-сурет).

Сауалнама тікелей сайлау өткеннен жүргізілгендігін ескеретін болсақ, Қорытынды бойынша, жанама (бұрынғы) сайланған әкімнен қарағанда төте сайланған әкімнің халыққа қызмет етудегі жауапкершілігі жоғары дегендер 52 %-ды және өзгерістер бар екендігі туралы 30 % адамды құрады. Яғни, түйін

тікелей сайланған әкімдерді халықпен санасып жұмыс жасап жатқандығының көрінісі.

	Толықтай келісемін	Келіспеймін	Жартылай келісемін	Мүлде келіспеймін
Қосжар	69%	2,5%	21,5%	7%
Жіңішкеқұм	53%	5%	28%	14%
Аққұм	49%	7%	28%	16%
Құланды	36%	8%	42%	14%




8-сурет – Сауалнаманың нәтижесі

Е с к е р т п е - сауалнама негізінде автормен құрастырылған

«Әкімнің жұмысы сізді қанағаттандырады ма?» сұрағына жауаптардың нәтижесі төмендегідей (9-сурет).

	Иә қанағаттандырады	Жоқ қанағаттандырмайды	Орташа деңгейде	Мүлде келіспеймін
Қосжар	85%	1%	8%	6%
Жіңішкеқұм	58%	3%	22%	17%
Аққұм	48%	19%	26%	8%
Құланды	57%	13%	18%	12%



9-сурет – Сауалнаманың нәтижесі


Е с к е р т п е - сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Талдау көрсеткендей, 63 % - тікелей сайлау арқылы сайланған әкімнің жұмысына толықтай қанағаттанатындықтары дегеніміз, бұл қабылданған шешімнің халыққа тиімді болуы (9-сур.).

Осы тұжырымның дәлелі ретінде келесідей «Әкімдердің тікелей (төте) сайлауын енгізу елді мекендегі мәселелерді шешудің тиімді жолы болды деп санайсыз ба?» (10-сур.) сұрақ қойылды.

Сұрақтардың нәтижесі бойынша 65 %-ы қабылданған шешімнің тиімді екендігін білдірді.

	Иә санаймын	Жоқ санамаймын	Ерте енгізілді деп санаймын	Саясатқа араласпаймын
Қосжар	86%	1,5%	2,5%	10%
Жіңішкеқұм	55%	6%	10%	29%
Аққұм	57%	19%	5%	19%
Құланды	61%	15%	4%	20%



10-сурет – Сауалнаманың нәтижесі

Е с к е р т п е - сауалнама негізінде автормен құрастырылған

Сауалнама барысында ауыл тұрғындары тарапынан қазіргі уақытта тікелей сайлау жергілікті жерлердегі өзекті мәселелерді шешілуіне ұйытқы болуы, билікке сенімділік, ауыл әкімдеріне үміт деңгейі жоғары дейтіндер басымдық танытты. Көптеген адамдар алдыңғы жанама сайлаудан кейін дұрыс деп санап, тікелей сайлауды қолдайды. Бұл әкімдердің жауапкершілігі мен беделінің артуына байланысты. Алайда, бұл тұжырымдармен келіспейтіндер де бар және осы сайлау жүйесін дамытудың басқа жолдарын ұсынады. Кейбір респонденттер арасында әкімдердің елдің мәселелерін толықанды шешуде, әлеуметтік-экономикалық дамуында күмәнмен қарау, ақпараттан бейхабар болу жағдайлары да қалыптасқан, осы бағыттағы жұмыстарға баса назар аудару керектігі ұсынылады.

Жергілікті жердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын бағамдау бағытындағы сауалға қатысқандардың көбісі дұрыс деп оңды пікірлерін білдірсе, өзгермеді, жауап беруге қиналамын деп жауап бергендер де болды.

Ауыл әкімдерімен әңгімелесу барысында олардың бюджеттік түсімдермен байланысты ұлттық проблемаларды шешуде қиындықтарға тап болғаны атап өтілді. 2020 жылдан бастап жергілікті маңыздағы қала, кент және ауылдарда бюджеттің төртінші деңгейі енгізілді. Бюджеттің жаңа деңгейі салықтық және салықтық емес төлемдерден құралады. Ауыл бюджетіне салық және басқа да салық салынбайтын түсімдердің 16 түрі аударылады, сондай-ақ табыс салығы, мүлік салығы, көлік салығы, жер салығы, жарнама, мүлікті жалға алу төлемдері және басқа да кіріс көздерін қоса алғанда, 19 бағыт бойынша шығыстар жүзеге асырылады.

Бұл ауыл әкімдеріне бюджетті жоспарлағанда ауылды абаттандыру, жолдарды жөндеу, ауыз сумен қамтамасыз етуде, бір сөзбен айтқанда, ауылдың

өмірін жақсартудағы басқа да жұмыстарды атқарудағы қажеттіліктерін іске асыруға мүмкіндік берді. Мәселені зерделей келе, ауылдық округтерде қордаланған, өзекті мәселелерді шешуде бюджет тапшылығы көрініс тауып отырғандығы байқалуда.

Ақпарат бойынша ауылдық округтердің бюджетін алып қарасақ, оның ішінде тікелей сайлау өткізілген ішінара Қызылорда облысы, Арал ауданына қарасты Қосжар, Аққұм, Жіңішкеқұм, Құланды ауылдық округтері (Кесте 3).

Мәліметтерге сәйкес, Қосжар ауылдық округінің 2022 жылға салықтық түсімдері 1010,0 мың теңге (трансферттерді есепке алмағанда), аудан бюджетінен ауылдық округ бюджетіне берілетін субвенция 41 321,0 мың теңге (аппарат қызметкерлерін ұстауға, коммуналдық және байланыс шығындарын өтеуге, ерекше жағдайлар шығындарына, мәдени-демалыс, көшелерді жарықтандыру шығындары мен санитариясына арналған), барлық шығындар көлемі 42 331,0 мың теңгені құрайды.

Аққұм ауылдық округінің 2022 жылға салықтық түсімдері 3 234,0 мың теңге (трансферттерді есепке алмағанда), аудан бюджетінен ауылдық округ бюджетіне берілетін субвенция 67 628,0 мың теңге, барлық шығындар көлемі 70 862,0 мың теңгені құрайды.

Жіңішкеқұм ауылдық округінің 2022 жылға салықтық түсімдері 1 484,0 мың теңге (трансферттерді есепке алмағанда), аудан бюджетінен ауылдық округ бюджетіне берілетін субвенция 43 702,0 мың теңге, барлық шығындар көлемі 45 186,0 мың теңгені құрайды.

Құланды ауылдық округінің 2022 жылға салықтық түсімдері 2 283,0 мың теңге (трансферттерді есепке алмағанда), аудан бюджетінен ауылдық округ бюджетіне берілетін субвенция 43 867,0 мың теңге, барлық шығындар көлемі 46 150,0 мың теңгені құрайды.

Кесте 3 – Арал ауданындағы ауылдық округтердің бюджеті

р/с	Ауылдық округтің атауы	Салық түсімдері 2022 ж, мың теңге	Бюджетке түсетін субвенция 2022 ж, мың теңге
1	Қосжар	1 010,0	41 321,0
2	Аққұм	3 234,0	67 628,0
3	Жіңішкеқұм	1 484,0	43 702,0
4	Құланды	2 283,0	43 867,0

Ескертпе – [31] негізінде автормен құрастырылған

Ауылдық округтерде салық түсімдері ғана ауылдың округтің мәселелерін, қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жеткіліксіз, ал жоғары тұрған бюджеттен берілетін субвенция жоғарыда көрсетілгендей аппарат қызметкерлерін ұстауға, коммуналдық және байланыс шығындарын өтеуге, ерекше жағдайлар шығындарына, мәдени-демалыс, көшелерді жарықтандыру шығындары мен санитариясына арналған.

Аталған ауылдық округтер әкімі қызметіне үміткерлері болған, қазіргі кезде әкімі болып сайланған әкімдердің сайлауалды бағдарламаларын саралап, төмендегідей мониторинг жүргізілді.



Қосжар ауылдық округінде: 2023 жылға дейін елді мекеннің электр жүйелерін ретке келтіру, көшелерді жарықтандыруға, жұмыссыздықты азайтуға, кәсіпкерлікті дамытуға, 2024 жылға ауылдық округте типтік жобада әкімшілік ғимаратын және ауылдық клуб ғимаратын салуға күш салатынына уәде берген.

Сайлауалды бағдарламада көрсетілген 2021 жылы елді мекендегі электр желілері мен бағналарын жаңартуға аудандық бюджеттен 8,4 млн тг қаралған. Бұдан бөлек, жоспардан тыс ауылышылық жолдарға қиыршық тас төсеуге аудандық бюджет есебінен 14,4 млн тг, кіре-беріс жол бойына орналасқан су ағызарға жөндеу жұмыстарына аудандық бюджеттен 2,5 млн. тг қаржы бөлінген.

Ал, 2022 жылға қазіргі таңда жоспарда қаржы өзекті мәселелерге қарлмаған, ұсыныс берілген.

Жіңішкеқұм ауылдық округінде: 2021 жылы құрылысы жүргізіліп жатқан аудан орталығынан ауылға дейінгі асфальт жолды аяқтау, 2022 жылы жаңа балабақша ашу, ауыл мектебіне күрделі жөндеу жүргізу, 2023 жылы типтік жобада мәдениет үйін салу, футбол алаңын салу, елді мекенді сумен жабдықтау құрылысы, 2024 жылы дәрігерлік амбулаторияның құрылысының жүргізілуіне ықпал ететіндігін уәде берген.

Сайлауалды бағдарламада көрсетілгендерден 2021 жылы жол құрылысы аяқталған (981 млн тг - облыстық бюджет, 37,7 млн тг - облыстық бюджет). 2022 жылға ОБ-тен 1,1 млн тг ауыл мектебінің тірек құрылымдарын күшейте отырып, қайта жаңғыртудың ЖСҚ-сын мемлекеттік сараптамадан өткізуге бөлінген.

Аққұм ауылдық округінде: 2022 жылы ауылышылық жол салу, балабақша салу, 2023 жылы көгілдір отын (газ) кіргізу, заманауи спорт алаңын салу, 2024 жылға ауыл мектебіне күрделі жөндеу жүргізе отырып, 100 орындық оқу корпусын салуға ықпал ететінін көрсеткен.

Қазіргі таңда, яғни 2022 жылға елді мекенге ауылышылық газ құрылысын жүргізудің, спорттық кешеннің құрылысын салудың жоба-сметалық құжаттарына тиісті қаржысы аудандық бюджеттен (21,5 млн тг) қаралған.

Құжаттары дайын болған соң, облыстық немесе республикалық бюджеттен қаржы сұралуы күтілуде.

Құланды ауылдық округінде: ауыз су мәселесін шешу, «Ащы» ауыз су құдығына жүргізілетін ағымдағы жөндеу жұмыстарын бақылау, елді мекенге кіре-беріс автокөлік жолының құрылысының құжатын әзірлеу, жайылымдық жерлерді құрғақшылық орын алуын болдырмау, кәсіпкерлікке қолдау, ұялы байланыс пен интернет мәселесін сапасын жақсарту жөнінде жұмыс атқаратынын көрсеткен.

Бүгінгі күнге, яғни 2022 жылға «Ащы» ауыз су құдығының жөндеу жұмыстары аяқталған, кәсіпкерлікті қолдау барысында елді мекен кәсіпкерлері 13,1 млн тг көлемінде несие, грантқа қол жеткізген.

Бұл шешімін тапқан мәселелердің барлығы қарап отырсақ, тек аудандық, облыстық немесе республикалық бюджет есебінен ғана шешімін тапқан мәселелер. Ауыл әкімдерімен сұхбаттасу барысында ауылдағы өзекті мәселелерді шешуде төртінші деңгейлібюджеттің мүмкіншілігі жоқ екендігін атап көрсетіп отыр. Оны жоғарыда көрсетілген дәлелдемелерден көруге болады.

Демек, дәл қазіргі таңда төртінші деңгейлі бюджеттің жергілікті жердің мәселелерін шешуге шамасы жоқ. Тек, ауылдық округтің басым көпшілігі мәселелері трансферттер есебінен шешіліп отыр. Сондықтан, ауыл әкімдері жоғары тұрған органдарға тәуелді.

Тұжырымымның дәлелдігін зерделей келе, ауданда ауылдық округтер бойынша әкімдердің есеп беру кездесулерінің қорытындысымен 2019 жылы - 70, 2020 жылы - 94, 2021 жылға жинақталған өзекті мәселелердің саны - 350 ұсыныс-пікірді құраған. Статистикаға сүйенсек, жыл сайын өзекті мәселелердің саны артуда және шешімін табу мәселесі де күрделенуде.

2019 жылы есеп берудің қорытындысымен келіп түскен 70 ұсыныс-пікірлердің 29-ы оңтайлы шешімін тапса, 35-і орындалу үстінде, 6-уы орындалмаған. 2020 жылы 94 мәселенің 41-і оңтайлы шешімін тапса, 28-і орындалу үстінде 4 мәселе бақылаудан алынған, ал 21-і орындалмағандар санатында.

2021 жылы 350 мәселенің 82-сі оңтайлы шешімін тапса, 166-ы орындалу үстінде және қаржы бөлуді қажет ететін 60 мәселеге бюджеттік өтінім тапсырылып, нәтижесі күтілуде. Бұдан бөлек, орындалмау қаупі бар 20 тапсырма, мүлдем орындалмағандар санатында 22 мәселе қалыптасқан.

Ал 2022 жылы есеп берудің қорытындысымен 420 ұсыныс түскен, жыл соңына дейін оның 209-ы оңтайлы шешімін тапса, 211 мәселе орындалмағандар қатарында.

Көтерілген мәселелердің басым көпшілігі жолдарды салу және жөндеу, әлеуметтік нысандардың құрылысы мен жөндеу жұмыстарына қатысты, электрмен жабдықтау, газдандыру, жарықтандыру, байланыспен қамту мәселелері бойынша қозғалған. Бұл қаржыны көп мөлшерде қажет ететін, яғни облыстық және республикалық бюджеттен шешуге болатын жобалар. Оған ауылдық округ бюджеттерінің бюджет қаражаты жеткіліксіз екендігіне тағы да көз жеткізілді. Тұжырым, ауылдық округ әкімдерінің бюджеті ауыл мәселелерін шешуге жеткіліксіз, жылдан-жылға көбею үстінде.

Жыл сайын мемлекет тарапынан 4-деңгейлі бюджетті ұлғайту бағытында көптеген өзгерістер орын алуда.

2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ауылдық округ бюджетінің түсімдері 4 салық түрімен толықты:

- бірыңғай жер салығы;
- ауылдық округ аумағындағы жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем;
- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;
- жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем.

Ал, 2023 жылдан қосымша төмендегідей салықтар мен төлемдер енгізу қарастырылуда:

- заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлік салығы;
- жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

- жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;
- су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем.

Қарап отырсақ, жыл сайын 4-деңгейлі бюджетті ұлғайту бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Арал ауданындағы ауылдық округтердегі 4-деңгейлі бюджеттің түсімдеріне шолу жасалған болатын (Қосымша 1).

Мәліметтерге сүйенсек, бұл жерде Арал қаласы, кенттерде және тіректі болып табылатын ауылдық округтердің (2000 адамнан асатын) өз кірістері және ішінара бірнеше ауылдық округтерде (1000-2000 аралығында адам саны) түсімдері елдің қажетті шығындарын жабуға болады. Ал, қалған ауылдық округтерде (1000 адамнан төмен) түсімдер көлемі өте аз мөлшерде екендігі байқалуда. Алдағы 2023 жылға жоспарланған түсімдер көлемінде де аса өзгеріс байқалмайды. Яғни, келешекте де жоғары тұрған бюджетке тәуелділік болады деген сөз.

Негізінен, жергілікті өзін-өзі басқарудың ерекшелігі әр аумақтық бірлік өзінің мәселелерін ешкімге тәуелсіз өздері шешу болып табылады. Ал, мынадай динамикамен өзін-өзі басқару бағытында жоғары тұрған бюджетке тәуелділіктен арылмайтындығы белгілі болып отыр. Сондықтан, халық саны аз бір-біріне жақын орналасқан ауылдық округтерді оңтайландырып, бір ауылдық округ ашуды және оны тіректі елді мекендер қатарына кіргізуді қажет етеді.

Оған дәлел ретінде, Арал ауданындағы халық саны 2000 адамнан асатын, 1000-2000 аралығындағы, 1000 адамға жетпейтін 3 ауылдық округті (4, 5, 6-кестелер) алып, бюджет түсімдері сараланды [31].

Кесте 4 – Сазды ауылдық округі бойынша 2022 жылғы салық түсімдері мен 2023 жылға жоспары (халық саны-518)

р/с	Салық түсімдерінің атауы	2022 жылы орындалуы			2023 жылға жоспар (мың теңге)
		Жоспар <i>мың тг.</i>	Орындалғаны <i>мың тг.</i>	Пайызы %	
1	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	19,0	20,0	105,3	22,0

4-кестенің жалғасы

2	Жер салығы	4,0	4,3	107,5	4,0
3	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	977,0	1102,8	112,9	1160,0
4	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	15,0	0	-	-
5	Жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем	17,0	0	-	-
6	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	-	0,7	-	-
	<b>Барлығы</b>	<b>1032,0</b>	<b>1127,8</b>	<b>109,3</b>	<b>1186,0</b>

Кесте 5 – Аралқұм ауылдық округі бойынша 2022 жылғы салық түсімдері мен 2023 жылға жоспары (халық саны-1844)

р/с	Салық түсімдерінің атауы	2022 жылы орындалуы			2023 жылға жоспар (мың теңге)
		Жоспар мың тг.	Орындал ғаны мың тг.	Пайызы %	
1	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	280,0	280,0	100,0	304,0
2	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	127,0	127,9	100,7	139,0
3	Жер салығы	243,0	344,2	141,6	270,0
4	Заңды тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық	369,0	370,0	100,3	401,0
5	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	1950,0	2182,3	111,9	2116,0
6	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	164,0	164,7	100,4	178,0
7	Жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлем	582,0	975,4	167,6	1058,0
8	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	7,0	7,4	105,7	8,0
	<b>Барлығы</b>	<b>3722,0</b>	<b>4451,9</b>	<b>119,6</b>	<b>4474,0</b>
Ескертпе - [31] негізінде автормен құрастырылған					

Кесте 6 – Қарақұм ауылдық округі бойынша 2022 жылғы салық түсімдері мен 2023 жылға жоспары (халық саны-2474)

р/с	Салық түсімдерінің атауы	2022 жылы орындалуы			2023 жылға жоспар (мың теңге)
		Жоспар мың тг.	Орындал ғаны мың тг.	Пайызы %	
1	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	-	166,6	-	181,0

2	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	91,0	99,3	109,1	107,0
3	Жер салығы	1,0	1,9	190,	2,0
4	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	5790,0	6269,1	108,3	6282,0
5	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	90,0	331,7	368,6	329,0
6	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	-	2,6	-	3,0
7	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	-	29,1	-	31,0
	<b>Барлығы</b>	<b>5972,0</b>	<b>6900,3</b>	<b>115,5</b>	<b>6935,0</b>
Ескертпе - [31] негізінде автормен құрастырылған					

Қарап отырсақ, 2022, 2023 жылдардағы түсімдер әлеуеті 1000 тұрғынға жетпейтін ауылдық округтерде төмен екендігі, яғни бюджеттен беріліп отырған субвенция көлемінің 2-3 пайызын ғана құрауда.

Сондай-ақ, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР Бюджеттік кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты ауылдық округ бюджетінің түсімдері 4 салық түрімен толыққандығын да ескерсек, 1000 тұрғынға дейінгі ауылдық округте салық түсімі төменгі тенденцияда. Мұндай аз ғана түсіммен мәселе шешпейтіндігі белгілі.

### **Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі демократияландыру және қалыптастыру процесі**

#### **Қазақстан Республикасындағы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін сайлау жүйесіндегі мәселелер**

Сайлау кезеңі басталғаннан кейін "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" ҚР Конституциялық заңға (бұдан әрі-Конституциялық заң) сәйкес, кандидаттарды ұсыну және сайлау өткізу процестерінде сайлау комиссиялары және кандидаттар арасында сайлау шарттарына қатысты кейбір кемшілік тұстары кездесе бастады.

Тарқатып айтқанда, Конституциялық заңның 113-3-бабына сәйкес, егер әкім лауазымына кандидаттарды ұсынудың аяқталу мерзімінде екіден аз кандидаттар ұсынылса, аумақтық (қалалық) сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну мерзімін үш күннен аспайтын мерзімге ұзартады. Осындай жағдайда, заңға сәйкес аудан әкімі жергілікті жердегі қоғамдастық жиналысымен келісу арқылы екі немесе бір кандидатты ұсынуға құқығы бар [6].

Заң бойынша аудан әкіміне мұндай құзыреттілік беру қажетсіз. Себебі, бұған дейін ауылдық округ әкімін сайлауды тиісті аудандық сайлау комиссиясы ауыл әкімінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде елу күн бұрын

тағайындап, сайлау туралы хабарды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды [6]. Демек, барлық үміткер болғысы келетін азаматтар осы кезеңде ұсынуды іске асырса болады.

Сондықтан алдағы уақытта сайлауға бір кандидат сайлауға (өзін-өзі не болмаса саяси партия тарапынан) ұсынылса, яғни жалғыз үміткер қатысса, сайлаудың уақытын созбай, сол бір адамға өткізілген дұрыс. Ал, қазіргі таңда көрсетілген жағдай (жоғарыда аталған) азаматтардың құқықтары шектелгендігінің көрінісі.

Тағы бір ескеретін жағдай, барлық бюллетеньдерге «бәріне қарсымын» деген бағананың да енгізілгенін ескерсек, сайлаушылардың таңдау құқығының ауқымы да кеңейген. Халық керек адамын өзі сайлап алады немесе қарсы тұрады.

### **Кандидаттарды қолдап қол жинау**

Конституциялық заңға сәйкес, ауылдық округ әкіміне кандидаттардың ішінде өзін-өзі ұсынған болса, тиісті ауылдық округтердегі сайлаушылардың жалпы санының кемінде 1 пайызы қолдауға ие болуы тиіс делінген [6]. Бұнда өзін-өзі ұсынған кандидаттың сенім білдірген азаматтары елді мекенді аралап сайлаушылардың қолын жинауға міндеттелген.

Мұндай міндет саяси партиялар мен аудан әкімдері ұсынған кандидаттарда жоқ.

Атап айтқанда, саяси партия ұсынған кандидат «кандидатты ұсыну жөніндегі хаттамасын», ал аудан әкімі ұсынған кандидат «жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісуі» болса болады.

Ал, егерде саяси партия кандидат ұсынып, бірақ партияның аталған елді мекенде ешқандай мүшелері болмауы да, тұрғындардың ол саяси ұйымнан хабардар болмауы да мүмкін ғой, ал егер сондай болып жатса, партияға бұл елді мекеннен «қолдау жоқ» деген тұжырым да пайда болуы әбден мүмкін. Сайлауда барлық кандидаттарға бірдей талаптар қою демократиялық дамудың негізгі принциптерінің бірі болып табылады.

### **Учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері**

Конституциялық заңға сәйкес, кейбір ауылдық елді мекендерде құрылған учаскелік сайлау комиссиясының құрамы 5 мүшеден сайланған. Сайлау күні оларда комиссия мүшелерінің тапшылығы сезіледі. Себебі, Конституциялық заңның 41-бабына сәйкес, комиссия құрамындағы төраға мен хатшы сайлау бюллетенімен жұмыс жасамайтын болғандықтан және комиссияның екі мүшесі тасымалданатын жәшікпен денсаулығына байланысты өз өтініші негізінде үйден дауыс беруді сұраған сайлаушыларға барған кезде, дауыс беру орнында бір ғана комиссия мүшесінің жұмыс жасауына тура келеді.

Бұл сайлау процестерін ұйымдастыру кезінде біршама қиындықтар тудырады.

### **Құжатты электронды түрде (онлайн) қабылдау**

Қазақстанда мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы, сондай-ақ өмірлік жағдайлар жөніндегі материалдар және мемлекеттік органдардың анықтамалық ақпараты (gov.kz) тұтастай бір жүйеде

топтастырылған. Бұл барлық мемлекеттік органдардың өзара байланысына және халықтың қажетті ақпаратты электронды, жылдам бір жерден алуына мүмкіндік береді.

Қазіргі жаһандану кезеңінде цифрландыруды, автоматтандыруды дамыту аса маңызды жұмыстардың бірі. Осы орайда сайлау жүйесінде кездесетін мәселе – құжат тапсыру үдерістерінде электронды құжат қабылдау мүмкіндігінің болмауы. Яғни, Орталық сайлау комиссиясы сайты (election.gov.kz) аумақтық сайлау комиссияларымен бірыңғай платформада интеграцияланбаған.

Кандидаттар құжатты аумақтық жерлердегі сайлау комиссияларына қолма-қол тапсыруда. Бұл бюрократиялық кедергілерге, кандидаттың уақытын үнемдеуіне мүмкіндік бермеуде.

### **Жергілікті өзін-өзі басқару және сайлау жүйесін озық халықаралық тәжірибе негізінде жетілдіру жолдары**

Жоғарыдағы жағдайларды ескере отырып, алдағы кандидаттарға қағазбастылық пен құжат дайындауға кететін уақытты азайтып, керісінше көп мерзімді үгіт-насихат жұмыстары мен бағдарламалар дайындауға арнау мақсатында келесідей ұсыныстар келтірілді:

1) Кандидаттарды ұсыну барысында үміткерлердің құқығын шектемеу және әр үміткерге тең мүмкіндік көрсету мақсатында Конституциялық заңның 13-1-тарауының, 113-3-бабына өзгерістер енгізу ұсынылады:

«Әкім болуға кандидатты ұсынуды белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар – өз мүшелері арасынан, азаматтар өзін-өзі ұсыну тәртібімен әкім болуға кандидат ретінде дауысқа түсу ниеті туралы тиісті сайлау округінің аумақтық сайлау комиссиясына өтініш беру арқылы, сондай-ақ егер ұсыну мерзімі аяқталатын күнге мүлдем кандидат ұсынылмаса жоғары тұрған әкім жүргізеді» [6].

2) Конституциялық заңның 113-4-бабына «Әкім болуға кандидатты қолдап қол жинау» сәйкес, өзін-өзі ұсынған кандидаттарға міндетті талабын мүлдем алып тастау ұсынылады.

Бұл талап орынсыз. Себебі, сайлауда барлық кандидаттарға бірдей талаптар қою демократиялық дамудың негізгі принциптерінің бірі болып табылады.

3) Бұл 5 мүшеден тұратын сайлау учаскелерінде тасымалданатын жәшікпен 2 мүшесі өтініш білдірген сайлаушыға кеткен мерзімде жетіспеушіліктің орнын толтыруға байланысты енгізіліп отыр.

Конституциялық Заңның 41-бабының (дауыс беруді ұйымдастыру) 5-тармағының 2 абзацында: «Сайлау комиссиясының төрағасы мен хатшысының бюллетеньдер беруге құқығы жоқ», - делінген [6].

Конституциялық Заңның 41-бабының (дауыс беруді ұйымдастыру) 5-тармағын 3-абзацпен толықтыру ұсынылады:

Егер сайлау комиссиясының хатшысы осы Конституциялық заңның 41-бабының 6-тармағының 3-абзацына сәйкес тиісті сайлау учаскесінде 5 мүше болған жағдайда бюллетеньдерді сайлау комиссиясының хатшысы беруге құқылы.

4) бұдан бөлек, сайлау процестерін цифрландыруды, автоматтандыруды дамыту мақсатында құжат тапсыру үдерістерін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы (gov.kz) тәжірибесін ескере отырып, Орталық сайлау комиссиясы сайты (election.gov.kz) арқылы аумақтық сайлау комиссияларының бірыңғай платформасын қалыптастыра отырып, әр аумақта кандидаттардың құжаттарын қабылдауды электронды жүйеде қабылдауды іске асыру ұсынылады.

Кесте 7 – "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" ҚР Конституциялық заңына өзгерістер енгізуге ұсыныстар

	<b>Қолданыстағы редакция</b>	<b>Ұсынылатын редакция</b>
<b>113-3-бап</b>	1. Әкім болуға кандидатты ұсынуды белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар – өз мүшелері арасынан, азаматтар өзін-өзі ұсыну тәртібімен әкім болуға кандидат ретінде дауысқа түсу ниеті туралы тиісті сайлау округінің аумақтық сайлау комиссиясына өтініш беру арқылы, сондай-ақ егер ұсыну мерзімі аяқталатын күнге екеуден аз кандидат ұсынылса, жоғары тұрған әкім жүргізеді [6].	1. Әкім болуға кандидатты ұсынуды белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар – өз мүшелері арасынан, азаматтар өзін-өзі ұсыну тәртібімен әкім болуға кандидат ретінде дауысқа түсу ниеті туралы тиісті сайлау округінің аумақтық сайлау комиссиясына өтініш беру арқылы, сондай-ақ егер ұсыну мерзімі аяқталатын күнге <b>МҮЛДЕМ КАНДИДАТ ҰСЫНЫЛМАСА</b> , жоғары тұрған әкім жүргізеді.
<b>113-4-бап</b>	<del>Әкім болуға кандидатты қолдап қол жинау</del>	<b>АЛЫНЫП ТАСТАЛСЫН</b>

7-кестенің жалғасы

<b>41-баптың 5-тармағының 2-абзацы</b>	Сайлау комиссиясының төрағасы мен хатшысының бюллетеньдер беруге құқығы жоқ [6].	3-абзацпен толықтырылсын: Егер сайлау комиссиясының хатшысы осы Конституциялық заңның 41-бабының 6-тармағының 3-абзацына сәйкес тиісті сайлау учаскесінде 5 мүше болған жағдайда бюллетеньдерді сайлау комиссиясының хатшысы беруге құқылы.
Ескертпе – [6] негізінде автормен құрастырылған		

1. Аудан әкімі жүзеге асырған кезеңде өз кандидаттарын алға тарта отырып, оларға басқа сайлаушыларға қарағанда автоматты түрде артықшылықтар бере алады. Осыған байланысты, аудан әкімі өз кандидаттарын



басқа кандидаттар болмаған жағдайда ғана ұсынуы үшін кандидаттарды ұсыну жүйесін өзгерту ұсынылады.

Бұл тәсіл аудан әкімі ұсынған кандидаттарының тәуелсіз кандидаттарға немесе партиялардың кандидаттарына қарағанда Автоматты артықшылықтар алу үшін олардың мәртебесі мен ресурстарын теріс пайдалану мүмкіндігін болдырмауға көмектеседі. Оның орнына, егер кандидатураның аяқталу күні мүлдем болмаса, аудан әкімі өз өкілдерін ұсына алады.

Бұл тәсіл сайлаудың анағұрлым тең және әділ процесіне ықпал етеді, онда кандидаттар тек аудан әкіміне ғана тиесілі емес, олардың қасиеттері мен бағдарламалары негізінде таңдалады. Ол сондай-ақ үлкен бәсекелестікті ынталандыруы мен жаңа және тәуелсіз кандидаттарға сайлауға қатысуға мүмкіндік беруі мүмкін, бұл сайлаушылар үшін әртүрлілік пен балама нұсқаларға ықпал етеді.

2. Әкімге кандидатты қолдау үшін қол жинауды мынадай себептер бойынша Алып тастау ұсынылады:

– Қоғамдық пікірді ұсынуға шектеу: үміткер тек туыстары мен таныстарының арасында қол жинаса, бұл нақты қоғамдық пікірді бұрмалауы мүмкін. Осылайша жиналған қолтаңбалардың ең аз саны бүкіл ауылдың немесе сайлау округінің берілген кандидатқа нақты қатынасын көрсетпейді;

– Ең жоғары сайлаушылар саны мысалға 2800 тұрғыны бар ауылдық округтерде сайлаушылар саны 1500 адам болуы мүмкін, оның 1 пайызы 15 адам, ол адамдардың қолының саяси маңыздылығы жоқ. Бұл керісінше құжат айналым мен қағазбастылықты көбейтеді;

– Объективтіліктің болмауы: кандидатты қолдау үшін қол жинау ақпараттың біркелкі бөлінбеуімен және жеке байланыстардың әсерімен бірге жүреді. Бұл үміткерлер арасында теңсіздік тудыруы мүмкін, мұнда кейбіреулер басқаларға қарағанда ресурстар мен қолдауға көбірек қол жеткізе алады. Бұл жағдай мұндай жеке байланыстарға қол жеткізе алмайтын жаңа және тәуелсіз кандидаттардың мүмкіндіктерін шектейді.

– Ықтимал теріс пайдалану: кейбір үміткерлер қол жинау процесін теріс пайдалануы мүмкін, соның ішінде жалған немесе жосықсыз қол қою. Бұл сайлау процесіне деген сенімге нұқсан келтіруі және кандидаттар арасында теңсіздік тудыруы мүмкін.

Қол жинаудың орнына кандидаттың танымалдылығын бағалаудың және қолдаудың балама тәсілдерін қарастыруға болады, мысалы, сауалнамалар, пікірталастар, форумдар немесе кандидаттар өз идеялары мен бағдарламаларын сайлаушылардың алдында ұсына алатын басқа да қоғамдық іс-шаралар. Бұл кандидаттарды неғұрлым объективті бағалауға және әкімдерді сайлау кезінде қалың жұртшылықтың пікірін ескеруге мүмкіндік береді.

3. Егерде 5 мүшесі бар сайлау учаскелерінде 2 комиссия мүшелері тасымалдаушы жәшікпен өтініш түскен сайлаушыларға кеткен жағдайда учаскеде бюллетеньдерді таратуда қиындық болмас үшін сайлау комиссиясының хатшысы уақытша орын алмастыра тұру өте тиімді өзгеріс болып табылады.

4. Құжаттарды онлайн тапсыруда кандидаттар мен сайлау комиссиясы мүшелері арасында ешқандай байланыс болмайды, ашықтық пен жариялылық принципіне сай келеді. Бұндайда кандидаттар тыс жерде жүріп те немесе іс-сапарда жүріп те құжатты тапсыруға мүмкіндік алар еді. Сонымен бірге жауапты онлайн түрде платформада алуға жағдай жасауға болады.

### **Қорытынды**

Халықтың билікке сенімі – әкімдердің тікелей сайлауы мен ашықтық принципінің толық жұмыс жасауы арқылы пайда болады. елдің саяси маңызды саласында шешім қабылдау процесінде болсын, тіпті бюджет қаржысын жұмсау барысында болсын барлық салада билік органдары мейілінше халықпен ашық, әрі тығыз жұмыс жасауы қажет.

Бұл бағытта әлемге танымал арнайы ұйымдар мен бірлестіктер жұмыс жасайды. Оның бірі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі - ЭЫДҰ). Бұл ұйымның негізгі мақсаты – мемлекеттік басқару жүйесін және демократияны жетілдіру, әртараптандыру болып табылады. Сонымен бірге әлемде ынтымақтастық орнату мен өзара дамыған елдердегі озық

тәжірибелермен бөлісу. Қазақстанда қазіргі таңда осы ұйымның ұсыныстарына сәйкес көптеген өзгерістер мен жаңашыл реформалар жасалуда.

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесінде көптеген реформалар жасалынды. Бұған дейін мойындау керек біздің ел посткеңестік жүйенің ықпалында болып, ескірген жүйемен жұмыс жасап келдік. Атап айтсақ, жоғарыдан төмен қарай бағыныштылық, есеп беру, командалық басқару секілді көне жүйе басым жұмыс жасап тұрды.

ЭЫДҰ-ның мәліметі бойынша осы кезеңге дейін Қазақстанда мемлекеттік деңгейде шешім қабылдау өкілеттілігі жоғары тұрған органдарға тиесілі [30]. Атап айтқанда, ҚР Президент Әкімшілігі, Премьер-Министрлер кабинеті, оның ішінде министрліктер. Ал бұлардың жоғарысында Президент тұр, барлық шешім қабылдау жоғарыдан шешіледі деген сөз. Ал, ЭЫДҰ стандарттарын ескеретін болсақ, елімізде орын алған бірін-бірі функцияларын қайталанушылықты болдырмауға, неғұрлым тиімді ажыратуға, қайталануды болдырмауға және Үкіметтің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге көмектесетін болады. Әрине, бұл уақыт өте шешімін таба беретін болады деген болашаққа сенім бар.

Қазақстанда басқару жүйесінің кейбір саласында бірте-бірте орталықсыздандыру үдерістері жүзеге асырыла бастады деп айтуға келеді. Мысалға алсақ, Үкімет есеп беруді, тек Президентке қана емес Мәжіліске де есеп беретін болды. Сондай-ақ, Үкімет бұл талаптарды орындамаған жағдайда Мәжіліс Президентке министрлерді орнынан алу жөнінде ұсыныс енгізуге де мүмкіншілік алды. Орталықсыздандыру шараларында кейбір мемлекеттік органдарда функцияларды жеке секторға беру жұмыстары да орын алды. Бұл мемлекеттік және жеке сектор қызметі арасындағы тепе-теңдікті тиімді басқаруға әкеледі деп күтілуде.

Алайда, қазіргі әкімшілік-аумақтық құрылым және жергілікті мемлекеттік басқару жүйесі осы күнге дейін қатаң иерархияға негізделген. Яғни, жоғарыдан төмен қарай тікелей басқару жүзеге асырылуда. Тапсырма жоғарыдан берілгесін көбіне бұндай жағдайда халықтың мүддесі кейінге ысырылып қалатыны айқын. Бұның негізгі себебі, жергілікті өзін-өзі басқаруда жоғары тұрған бюджетке тәуелділік әбден байқалады. Бұл бағытта да Қазақстанда атқарылып жатқан шаралар мүлдем жоқ деп айтуға келмейді. Мемлекеттік басқару саласында мен жергілікті өзін-өзі басқару саласында да реформалар жасалынып, орталықсыздандырудың алғашқы қадамдары іске аса бастады. Сонымен бірге «Қазақстан-2050» стратегиясына сүйенетін болсақ, өңірлерде трансферттерді ұлғайту және өкілеттіліктерді жоғары тұрған органдар есебінен көбейту жөнінде тапсырмалар берілген.

2013 жылдан бастап аудандық маңызы бар қала, кент және ауылдық округ әкімдері жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы 4 жыл мерзімге тағайындайтын болды. Әртүрлі кезеңдерде әкімдерді қызметке тағайындау жүйесінде демократияландыру үдерістері орын алғанмен, олардың жергілікті жерлерде жеткілікті өкілеттіктері, ең бастысы, қаржы ресурстары жоқ екендігі көрініс тапқан болатын.

Жергілікті деңгейдегі мұндай өзгерістер бірден тиімді болды деп айтуға болмайды. Оны іске асыру үшін және бірқалыпты қолдану үшін уақыт қажет ететіндігі де белгілі. Сондай-ақ, халықтың да бірте-бірте билікке деген сенімін арттыру, елдік деңгейдегі мәселе бойынша шешім қабылдауға деген сұраныстарын қанағаттандыру үшін одан әрі бұл жүйені дамыту қажеттілігі туындады. Мысалға алсақ, ауылдық жерлердегі әкімдердің өз бюджеттері болмады. Ол болмаған соң ешқандай мәселені де шеше алмады. Барлық мәселелер қаржыға тірелетіндігі белгілі.

2018-2020 жылдары ауылдық округтер 4-деңгейлі бюджетпен жұмыс жасай бастады. Бұл жергілікті жерлерде өз бюджеттерін жасауға және жергілікті коммуналдық меншікті басқаруға мүмкіндік берді. 2021 жылдан бері өткізіліп келе жатқан ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы саяси жүйені жетілдірудің және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың бір бөлігі болды. Бұл азаматтарға әкімдерді өз бетінше таңдауға және жергілікті басшыларға деген азаматтық белсенділік пен сенімді арттыра отырып, өз бюджеттерін басқаруға мүмкіндік берді.

Әкімдердің тікелей сайлауы:

- азаматтардың өздерінің конституциялық құқықтарын толықтай пайдаланудағы белсенділіктерін арттыруға;

- тұрғындардың билікке деген сенімін және тұрғындар алдында әкімнің есептілігін арттыруға;

- тұрғындардың қажеттіліктері мен мәселелеріне әкімдердің шұғыл әрекет етуін арттыруға;

- «Еститін мемлекет» тұжырымдамасын толықтай іске асыруға мүмкіндік береді деп есептеймін.

Бірте келе Үкімет ашықтық принципін енгізуді қолға алғаннан бері елімізде «Ақпаратқа қол жеткізу», «Қоғамдық кеңестер туралы» заңдарды қабылдай бастады. Мұндай ашықтық бастамалары сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға, халық пен билікке деген сенімін арттыруға бірден-бір жолы болып табылады.

Қазақстан ЭЫДҰ-ның барлық ұсыныстарын ескере отырып, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында мемлекеттің басқару жүйесінде көптеген кем түстарын қалыпқа келтіру, жою бағытында аянбай еңбек етуде деп айтсақ болады. Бұндай ұсынымдар мен талқылаулар, аналитикалық жұмыстар дамушы елдердің ілгері жүруіне, дамуына және де демократиялық көріністердің орын алуына, халықтың билікке сенімділігін арттыруға септігі жоғары болатындығына сенім мол.

Қазақстан Республикасында әкімдерін тікелей сайлау жүйесін дамыту бойынша келесі өзгерістерді енгізу ұсынылады:

1. Аудан әкімі ұсынылатын кандидаттар басқа кандидаттар болмаған кезде ғана ұсына алатындай етіп кандидатура жүйесін өзгерту ұсынылады. Бұл аудан әкімі тарапынан ұсынылатын кандидаттардың Автоматты артықшылықтарын болдырмауға және сайлаудың тең және әділ процесін қамтамасыз етуге көмектеседі.

2. Кандидаттарды қолдау үшін қол жинауды болдырмау ұсынылады, себебі бұл қоғамдық пікірді бұрмалауы, кандидаттар арасында теңсіздік тудыруы және процесті теріс пайдалану мүмкіндігі болуы мүмкін. Оның орнына сауалнамалар, пікірталастар және қоғамдық іс-шаралар сияқты үміткерлердің танымалдылығын бағалаудың балама әдістерін қолдануға болады.

3. Бюллетеньдердің таралуын қамтамасыз ету үшін сайлау учаскесінде сайлау комиссиясының хатшысының орнын уақытша ауыстыру ұсынылады, егер комиссия мүшелері сайлаушыларға тасымалдаушы урнамен барса.

4. Құжаттарды онлайн беру ашықтық пен жариялылық қағидатын қамтамасыз етеді, кандидаттарға құжаттарды қашықтан тапсыруға және сайлау комиссиясынан онлайн жауап алуға мүмкіндік береді, бұл іссапарда немесе тіркеу орнынан тыс кандидаттар үшін ыңғайлы.

### **Пайдаланылған дереккөздер тізімі**

1 А.С. Ибраева Некоторые проблемы правового регулирования избирательной системы Казахстана // Журнал «Вестник КРСУ», 2008 ж, Том 8, № 2, Б. 129-131.

2 Сарсембаев М. А. Права человека в местном самоуправлении на селе в казахстанском и европейском праве / Демократические ценности международном и национальном конституционном измерении. – 2016 ж. – Б. 60-64.

3 А.А. Абикенов / Правовые основы выборности акимов республике Казахстан / Том 50 № 2 (2009): Вестник КазНУ Серия юридическая – Б. 41-45.

4 Л.Т. Жанузакова / «Выборы акимов – реальный шаг к формированию системы местного самоуправления в Республике Казахстан», // Вестник

Института законодательства и правовой информации РК №3 (31), 2013 ж. Б.14-17.

5 Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды), - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>. Жүгінген күні: 23.01.2023 ж.

6 "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі ҚР Конституциялық заңы - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464>. Жүгінген күні: 01.02.2023 ж.

7 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148>. Жүгінген күні: 01.02.2023 ж.

8 «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы - URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek). Жүгінген күні: 01.02.2023 ж.

9 Г.К. Исенова, Г.Қ. Аманжолова «Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдарының, кенттерінің, ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау: сайлау процесінің құқықтық негіздері және сайлау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру» / Оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) 324 ББК 66.3(2) И85 – 225 б.

10 Б. Шериязданов / Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың тарихи кезеңдері және қазіргі тенденция / Қоғам және дәуір ғылыми сараптамалық журналы ГТАХР 11.15.4503.20; 03.23 ж. Б. 37-52.

11 М. Қасымбек Мемлекеттік институт – мемлекеттік тірегі / Егемен Қазақстан газеті 24.04.2020 ж. - URL: <https://egemen.kz/article/231417-prezidenttik-institut-%E2%80%93-memlekettilik-tiregi>. Жүгінген күні: 01.02.2023 ж.

12 «Ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың (селолардың), кенттердің әкімдерін сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 23 маусымдағы № 633 Жарлығы - URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/U010000633\\_/23.06.2001](https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/U010000633_/23.06.2001). Жүгінген күні: 01.02.2023 ж.

13 «Қазақстан Республикасының жекелеген аудандары әкімдерін сайлауды эксперимент ретінде өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы № 1485 Жарлығы - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001485>. Жүгінген күні: 01.02.2023 ж.

14 «Қазақстан Республикасының аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын өткізу қағидалары» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 6 маусымдағы № 130 Жарлығы - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U060000130>. Жүгінген күні: 01.02.2023 ж.

15 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012

жылғы 28 қарашадағы № 438 Жарлығы - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1200000438>. Жүгінген күні: 07.02.2023 ж.

16 «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығы - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000555>. Жүгінген күні: 03.02.2023 ж.

17 Balinskyi, V.V.: Decentralization in Digitization: Interplay. In: Public management and administration in Ukraine, issue 19. – Б. 82-87.

18 Битолеуова Е. Д. и др. Современное состояние системы бюджетирования местного самоуправления в Республике Казахстан //Вестник университета «Туран». – 2022. – №. 2. – Б. 295-304.

19 Schaeffer M., Yilmaz S. Strengthening Local Government Budgeting and Accountability // Policy Reserach Working Paper 4767. 2008. Vol. 21, November 2008;

20 Шеров А. Б., Каримов Т. Ш. У. Зарубежный опыт формирования доходов регионального бюджета //Scientific progress. – 2022. – Т. 3. – №. 3. – Б. 682-685;

21 Сулейменова А. К., Баймуханов Т. С. Децентрализация и финансовая самостоятельность: совершенствование и пути развития местного самоуправления. – 2021. - URL: <https://repository.apa.kz/handle/123456789/376>. Жүгінген күні: 01.02.2023 ж;

22 Исенова Г. К., Аманжолова Г. К. Выборы акимов городов районного значения, сел, поселков, сельских округов Республики Казахстан: правовые основы избирательного процесса и организация работы избирательных комиссий. – 2021. - URL: <https://repository.apa.kz/handle/123456789/684>. Жүгінген күні: 01.02.2023 ж.

23 Хазиева Э. М., Бадретдинов И. Р. Органы местного самоуправления в зарубежных странах //StudNet. – 2021. – Т. 4. – №. 10. – 7 б.

24 Азизова А. И. Основные модели местного самоуправления// Актуальные проблемы права: материалы VIII Междунар. науч. конф. Казань, Россия, 2019 ж. Б. 36.

25 Санхаева Ж., Арзикулов А. Выборы в системе местного самоуправления: международная практика и опыт Казахстана //Казахстан-Спектр. – 2021. – Т. 97. – №. 1. Б. 7-11.

26 Сулейменова А. К., Баймуханов Т. С. Децентрализация и финансовая самостоятельность: совершенствование и пути развития местного самоуправления. – 2021. - URL: <https://repository.apa.kz/handle/123456789/376>. Жүгінген күні: 01.02.2023 ж.

27 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламенті туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 10 қаулысы - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000010>. Жүгінген күні: 09.04.2023 ж.

28 School district - URL: [https://en.wikipedia.org/wiki/School\\_district](https://en.wikipedia.org/wiki/School_district). Жүгінген күні: 09.04.2023 ж.

29 Писарева Л. И. Управление образованием в Германии: традиции и инновации //Проблемы современного образования. – 2012. – №. 3. – Б. 60-78.

30 Реформы в Казахстане. Успехи, задачи и перспективы- URL: <https://www.oecd.org/eurasia/countries/Eurasia-Reforming-Kazakhstan-Progress-Challenges-Opport.pdf> . Жүгінген күні: 09.04.2023 ж.

31 Арал ауданының әкімдігі. Ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық төлқұжаттарындағы ақпараттар. // Арал ауданы әкімдігінің ресми сайты - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-aral/documents/1?lang=kk>. Жүгінген күні: 09.02.2023 ж.

Қосымша 1  
Зерттеу әдістемесін бекіту хаттамасы



Академия государственного управления при Президенте РК Институт  
управления

Выписка из Протокола № 3  
расширенного заседания директората Института управления

«09» сентября 2022 года

г. Нур-Султан

**Присутствовали:** Гаипов З.С.- директор ИУ, Садыкова К.К. – замдиректора, ИУ, Тынышбаева А.А. - профессор, Зейнельгабдин А.Б.- профессор, Кусаинова Л.И. - профессор, Дуламбаева Р.Т. - профессор, Джумабаев С.А. -профессор, Кенесбаева Д.Ж. - профессор, Укибаева Г.К. – доцент, Туралин А.З. – доцент, Кылбаев Е.С.– доцент, Мусатаева А.А– доцент, Аронов А.К. – ст. преподаватель, Касенов А.Р. – ассистент, Ермакбаева Е.О. – ассистент, Абдразакова А.П. – ассистент, Курмангалиева Г.Т. – методист.

**ПОВЕСТКА ДНЯ:**

2. Разное:

- Утверждение методологии исследования магистранта 2 курса  
Раимбетова С. (Садыкова К.К.)

По вопросу утверждения методологии исследования магистранта 2 курса Раимбетова С. выступила Садыкова К.К., которая представила методологию исследования магистранта 2 курса Раимбетова С. По данному вопросу также выступил науч.руководитель профессор Зейнельгабдин А.Б., который поддержал предложенную методологию исследования.

**Постановили:** утвердить методологию исследования магистранта 2 курса Раимбетова С.

Председатель



З. Гаипов

Секретарь



А. Абдразакова

Қызылорда облысы Арал ауданы бойынша әкімдердің тікелей сайлауы  
барысында кездескен мәселелер мен олқылықтар туралы аумақтық сайлау  
комиссиясының хаты

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ АРАЛ  
АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ  
КОМИССИЯСЫ



ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ  
КОМИССИЯ АРАЛЬСКОГО РАЙОНА  
ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

120100 Арал қаласы, Қ.Ермәбет көш. №27  
телефакс: 2-23-13  
№ АСК-651 15.05.2023 ж.

120100, г.Аральск, ул. К.Ермәбет, №27  
телефакс: 2-23-13  
№ АСК-651 15.05.2023 г.

Қазақстан Республикасы Президентінің  
жанындағы Мемлекеттік басқару  
академиясының ректоры  
Е.Қ. Әбілге

Сіздің 26.04.2023 жылғы  
№03-01/1588 санды хатыңызға

**Құрметті Ерлан Қуанышұлы!**

Арал аудандық сайлау комиссиясы Сізге, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының 2-курс магистранты С.Е. Раимбетовтың «ҚР әкімдерін тікелей сайлау жүйесін дамыту» тақырыбында магистрлік жобасына қатысты аудандық маңызы бар қала, кент және ауылдық округ әкімдерінің тікелей сайлауы барысында проблемалық мәселелер мен ескерулерге қажетті ұсыныстарды магистрантпен жеке байланыс орнатып, хатта көрсетілген электронды поштасына тиісті мәліметтер жолданғандығын хабарлайды.

Алдағы уақытта жас маманға сайлау туралы қажетті ақпараттармен қамтамасыз етіп, ынтымақтастықта жұмыс жасауға әзір екендігін білдіреміз.

Арал аудандық сайлау комиссиясы  
төрағасының орынбасары

Ә. Жиеналиев

Орындалған: Л. Сатекеева  
Тех: +7 (72433) 2-23-13  
E-mail: aral-saylau@mail.kz

**Кандидаттарды ұсыну және сайлау өткізу  
процестерінде сайлау комиссиялары және кандидаттар  
арасында сайлау шарттарына қатысты кейбір  
кемшілік тұстары**

1) Егер әкім лауазымына кандидаттарды ұсынудың аяқталу мерзімінде екіден аз кандидаттар болған жағдайда, аудан әкімі жергілікті жердегі қоғамдастықпен келісу арқылы екі немесе бір кандидатты ұсынуға құқығы бар.

Жалғыз болған жағдайда да сайлау процесін тоқтатып, аудан әкіміне құзыреттілік береді. Бұндай жағдай алдағы уақытта кандидаттарға қиындық туғызуы мүмкін.

2) «Сайлау туралы» заңға сәйкес, ауылдық округ әкімі лауазымына өзін-өзі ұсыну үшін тиісті ауылдық округтердегі сайлаушылардың кемінде 1 пайызының қолдауына ие болуы шарт. Саяси партиялар мен аудан әкімдері ұсынған кандидаттар сайлаушылардан қол жинауға міндетті емес.

Бұл кандидаттар арасында түсініспеушілік тудырып отыр.

3) Көптеген кандидаттардан құжатты тапсыру мәселесінде қиындықтар тудыруда. Кейбір кандидаттар құжатты электронды тапсырғысы келеді. Алайда, сайлау заңнамаларына сәйкес құжатты тапсыру қолма-қол негізде болып отыр.

4) Кейбір ауылдық елді мекендерде құрылған учаскелік сайлау комиссиясының құрамы 5 мүшеден сайланған. Сайлау күні оларда комиссия мүшелерінің тапшылығы сезіледі.

5) Дауыстарды санау кезінде бақылаушылар мен комиссия мүшелері арасында жанжал тудырып жүрген даулы мәселе – дауыс санаушы комиссия мүшелері мен бақылаушылар отыратын орынның арақашықтығы нақты реттелмеген. Қазіргі кезде кез келген жерлерде бейнекамералар жұмыс істеп тұр. Дауыстарды санау кезінде де осы видеокамералар көмегімен бюллетеньдерді саралау мен санауды камераға түсіріп, үлкен мониторлар арқылы байқаушылар назарына ұсынып отырса, мәселе айтыс-таргыссыз өз шешімін тапқан болар еді.

Арал ауданы бойынша ауылдық округтердегі 4-деңгейлі бюджеттің түсімдері

р/с	Ауылдық округтің атауы	Өз кірістері 2022 ж, мың теңге		Бюджетке түсетін субвенция, мың теңге		Өз кірістері /жоспар/ 2023 ж, мың теңге	Халық саны	Елді мекен саны
		жоспары	Нақты /субвенцияға шаққанда %/	2022 ж	2023 ж			
<b>Халық саны 2000-нан асатын</b>								
1	Арал қаласы	146 339,0	146 030,1 /70,4 %/	207 297,0	232 198,0	198 182,0	36 871	1
2	Сексеуіл кенті	19 763,0	24 939,6 /26,1 %/	95 444,0	114 839,0	23 646,0	12 324	6
3	Жақсықылыш кенті	10 184,0	10 764,0 /24,3 %/	44 374,0	62 377,0	12 131,0	4 969	1
4	Қарақұм а/о	5 972,0	6 900,3 /12,6 %/	54 888,0	76 655,0	6 935,0	2 474	2
5	Аманөткел а/о	5 194,0	6 082,5 /7,0 %/	86 432,0	94 941,0	5 867,0	2 352	4
6	Аққұм а/о	3 234,0	9 161,6 /13,5 %/	67 628,0	84 863,0	3 648,0	2 254	1
7	Қамыстыбас а/о	2 723,0	3 065,2 /5,0 %/	62 261,0	69 534,0	3 283,0	2 015	2
<b>Халық саны 1000 адамнан 2000-ға дейін</b>								
8	Аралқұм а/о	3722,0	4 451,9 /9,0 %/	49 082,0	67 578,0	4 474,0	1844	3
9	Бөген а/о	3 117,0	3 908,1 /7,2 %/	54 599,0	64 098,0	3 503,0	1832	2
10	Бекбауыл а/о	2 264,0	2 606,4 /5,0 %/	52 389,0	61 118,0	2 446,0	1830	3
11	Қаратерең а/о	4 013,0	4 888,7 /10,8 %/	45 083,0	54 724,0	4 407,0	1773	3
12	Райым а/о	2 116,0	2 207,2 /2,5 %/	87152,0	105 305,0	2 295,0	1605	2
<b>Халық саны 1000-ға дейін</b>								
13	Сапақ а/о	1 388,0	1 958,8 /6,5 %/	30 064,0	37 977,0	1 652,0	862	4
14	Ақирек а/о	1371,0	1 177,6 /2,6 %/	44 791,0	52 662,0	1 334,0	837	1
15	Мергенсай а/о	2 830,0	3 949,1 /8,9 %/	43 982,0	52 087,0	3 563,0	853	2

3-қосымшаның жалғасы

16	<b><u>Жанакұрылыс а/о</u></b>	1 957,0	2 033,4 /4,3 %/	46 930,0	54 067,0	1 469,0	769	1
17	<b><u>Жіңішкеқұм а/о</u></b>	1 484,0	2 443,6 /5,6 %/	43 702,0	54 520,0	1 599,0	724	1
18	<b><u>Қосаман а/о</u></b>	3 816,9	4 360,6 /7,9 %/	54 870,0	71 802,0	3 399,0	728	2
19	<b><u>Жетес би а/о</u></b>	694,0	814,8 /1,8 %/	45 729,0	51 756,0	760,0	597	2
20	<b><u>Құланды а/о</u></b>	2 283,0	2 458,5 /5,6 %/	43 867,0	54 792,0	2 580,0	422	1
21	<b><u>Беларан а/о</u></b>	1 665,0	1 933,4 /4,6 %/	41 641,0	50 240,0	1 809,0	374	1
22	<b><u>Қосжар а/о</u></b>	1 010,0	1 436,9 /3,5 %/	41 321,0	53 405,0	1 101,0	585	1
23	<b><u>Сазды а/о</u></b>	1 032,0	1 127,8 /2,8 %/	40593,0	53 161,0	1 186,0	518	1
24	<b><u>Атанши а/о</u></b>	2 019,0	2 971,4 /7,5 %/	39 487,0	55 576,0	2 191,0	447	1
Ескертпе - [31] негізінде автормен құрастырылған								